

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Национальный Банк Республики Казахстан  
National Bank of Kazakhstan



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

# Хабаршысы

№ 18

16 – 30 қыркүйек 2014

**«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»**

редактордың мiгдетiн атқарушы  
Терентьев А. Л.

кеңес мүшелері:  
Орлов П.Е.  
Мадиярова Ә.Қ.  
Сарсенова Н.В.  
Сәрсенбаева А.И.

шығарылымға жауапты:  
Шабанова Н.Н  
Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ  
050040, Алматы қ.,  
«Көктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөнiндегi ұлттық агенттiгiнде  
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тiркелдi

Бiр шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады



“Асыл кітап” Баспа үйі ЖШС  
050009, Алматы қаласы  
Абай даңғылы, 143  
тел. +7 (727) 3 94 41 67

## Редакциядан:

### **Құрметті оқырмандар!**

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға «ҚҰБ Хабаршысы» журналының 2014 жылғы 16-31 қыркүйектегі № 18 кезекті шығарылымын ұсынып отыр.

Көрсетілген кезеңде Мемлекет басшысының Олег Александрович Смоляковты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары етіп тағайындауы, Қазақстандық «Алма отаны» және «Халықаралық зарыш станциясы» монеталарының Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) өткен «Монета жұлдыздары-2014» Сегізінші халықаралық ескерткіш монеталар конкурсында жеңімпаз атануы, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының The Global Financial Centres Index рейтингінде өз позициясын жақсартуы, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың валюта алаңында юань-теңге жұбымен сауда-саттықты іске қосуы басты оқиғалар болды.

Сондай-ақ басылым беттерінде дәстүрлі түрде Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі, шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары және Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты ұсынып отырмыз.

### **МАЗМҰНЫ:**

1. Басты оқиғалар .....	2.
2. Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі.....	5.
3. Шетел валюталарының ресми бағамдары.....	17.
4. ҚРҰБ Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және олардың өкілеттіктері қағидаларын бекіту туралы» №147 қаулысы.....	18.
5. ҚРҰБ Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) есептер мен өзге (қосымша) ақпаратты беру нысандарын, мерзімдерін және кезеңділігін бекіту туралы» № 148 қаулысы.....	31.
6. ҚРҰБ Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 150 қаулысы.....	80.
7. ҚРҰБ Басқармасының «Актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларын бекіту туралы» №151 қаулысы.....	84.



## Басты оқиғалар

### ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарын тағайындау туралы

**Мемлекет басшысының өкімімен Олег Александрович Смоляков  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары  
болып тағайындалды**

Олег Александрович Смоляков 1996 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын экономист мамандығы бойынша бітірді, 2001 жылы Ұлттық политехникалық зерттеулер институтында (National Graduate Institute for Policy Studies), Токио, Жапония, Мемлекеттік саясат мастері дәрежесін алды. 2011 жылы оған Уорика Университетінде (University of Warwick), Ұлыбритания, Қаржы және экономика ғылымдарының магистрі дәрежесі берілді.

1996 – 1998 жылдар аралығында ҚР Ұлттық Банкінің Зерттеу және статистика департаментінің төлем балансы және капитал қозғалысы басқармасы халықаралық инвестициялар балансы секторының жетекші экономисі болып жұмыс істеді.

1998 – 2002 жылдар аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Зерттеу және статистика департаменті төлем балансы және капитал қозғалысы басқармасының бас маманы.

2002 – 2004 жылдар аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті төлем балансы басқармасы бастығының орынбасары.

2004 – 2006 жылдар аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті директорының орынбасары.

2006 – 2011 жылдар аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық тұрақтылық басқармасының бастығы.

2011 ж. – 2014 жылғы маусым аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық тұрақтылық департаментінің директоры.

2014 жылғы маусым – 2014 жылғы қыркүйек аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық тұрақтылық және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры.

«Қазақстан конституциясына 10 жыл» ескерткіш белгісі, «ҚРҰБ еңбек сіңірген қызметкері» төске тағатын белгісі, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі, «Ерен еңбегі үшін» медалі (ҚР Президентінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы №707 Жарлығы), «Теңгеге 20 жыл» мерекелік медалі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының Алғысхаты (2014 жылғы маусым) бар.

Үйленген. Бір ұлы бар.

***Қазақстандық «Алма отаны» және «Халықаралық ғарыш станциясы» монеталары Мәскеуде өткен Сегізінші «Монета жұлдыздары-2014» ескерткіш монеталардың халықаралық конкурсында жеңімпаз атанды***

ҚР Ұлттық Банкінің «Алма отаны» және «Халықаралық ғарыш станциясы» монеталары 18 қыркүйекте Мәскеу қаласында өткен Сегізінші «Монета жұлдыздары-2014» (COINS – 2014) ескерткіш монеталардың халықаралық конкурсында жеңімпаз атанды.

Мәселен, «Алма отаны» монетасы «Кәдесыйлық монета» номинациясында бірінші орын алып, 2014 жылдың ең үздік кәдесыйлық монетасы болып танылды, ал «Халықаралық ғарыш станциясы» монетасы «Бірегей технология» номинациясында жүлделі үшінші орынды иеленді.

Қазылар алқасының таңдау жасауы қиын болды, себебі конкурсқа 31 елдің 2013 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығында шығарылған шамамен 260 ескерткіш монетасы және 25 монеталар сериясы қатысты.

Айта кетерлік жайт, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Алма отаны» коллекциялық күміс монетасы үшін бұл – осындай беделді конкурстарда алған екінші үлкен жеңіс.



2014 жылғы 11 - 17 мамыр аралығында Мехико қаласында (Мексика) 28-ші Монета сарайлары директорларының конференциясы шеңберінде өткен ескерткіш монеталардың халықаралық конкурсында монета «2014 жылдың ең әдемі күміс монетасы» номинациясында бас жүлде алған болатын. «Алма отаны» монетасы айналысқа 2013 жылғы 13 қарашада шығарылғандығын еске саламыз. Ол «Республика игілігі» сериясындағы бесінші монета болып табылады.

Өз кезегінде «Халықаралық ғарыш станциясы» монетасы айналысқа 2013 жылғы 18 қазанда көпмақсатты ғарышты зерттеу кешені ретінде пайдаланылатын ұшқыш басқаратын орбиталық станция – Халықаралық ғарыш станциясының (ХҒС) құрметіне шығарылған болатын. ХҒС – бірлескен халықаралық жоба, оған 15 ел (әліпби ретімен): АҚШ, Бельгия, Бразилия, Германия, Дания, Жапония, Испания, Италия, Канада, Нидерланд, Норвегия, Ресей, Франция, Швейцария, Швеция қатысады.



Биколорлы (құрамдас) монетаның пішіні шеңбер пішіндес, біріне бірі орналасқан сақинадан және дискіден тұрады. Монетаның ішкі дискі танталдан, сыртқы сақинасы күмістен жасалған. Монеталарды дайындау кезінде алғаш рет танталдың түсін өзгерту технологиясы қолданылды.

**Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы**  
**The Global Financial Centres Index рейтингінде өз позициясын жақсартты**

Алматы қаласы The Global Financial Centres Index (GFCI) рейтингінде позициясын жақсартып, алты ай ішінде 15 тармаққа көтеріліп, 83 халықаралық қаржылық орталықтардың арасында 43-ші орынды иемденді.

Шығыс Европа - Орталық Азия аймағында Алматы Стамбулдан кейін екінші орында. Алматыдан кейінгі орындарда Прага, Варшава, Санкт-Петербург, Будапешт, Мәскеу, Таллин мен Афины қалалары тұр.

Бұл - инвестициялық индустрияның 3000 маманының 25 000 жауабы кіретін GFCI рейтингіндегі үлкен жетістік. GFCI мақсаты болып негізгі қаржылық орталықтардың бәсекегеқабілеттілік деңгейін зерттеу табылады.

2014 жылдың наурыз айында Алматы қаласы жоғарыда айтылған рейтингке алғаш рет енгізіліп, халықаралық қаржылық орталықтарының ресми тізімінің 58-ші орнына іліккен болатын.

*GFCI (Global Financial Centers Index) Лондон Citi иді басқаратын Corporation of London муниципалды органына арналып Z/Yen Group Limited компаниясымен әзірленген, 83 халықаралық қаржы орталықтарының (ХҚО) рейтингтік бағалауының мамандандырылған әдістемесі болып табылады.*

*Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы (АӨҚО) - қаржылық орталықтың қатысушылары мен мүдделі тұлғалардың арақатынасын реттейтін және Қазақстан Республикасының қаржылық нарығының дамуына бағытталғын ерекше құқықтық тәртіп. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамыту бойынша қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.*

**«Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың**  
**валюта алаңында юань-теңге жұбымен сауда-саттықты**  
**іске қосу туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2014 жылғы 25 қыркүйекте «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (KASE) валюта алаңында Қытай юані / Қазақстан теңгесі валюталық жұбының сауда-саттығы ашылғанын хабарлайды.

Қытай юанімен сауда-саттық KASE таңертеңгі сауда-саттық сессиясының кезінде сауда-саттық жүргізілген күні теңгемен есептеле отырып жүргізіледі.

Сауда-саттықты іске қосуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қытай Ұлттық Банкінің арасында жүргізілген бірқатар келіссөздер нәтижесінде, оның ішінде Қаржылық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай кіші комитеті отырыстарының, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ жүргізген дайындық жұмысының шеңберінде қол жеткізілді.

Сауда-саттық 2014 жылғы 24-25 қыркүйекте Алматыда өткен Қаржылық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай кіші комитетінің IX отырысы шеңберінде ашылды.

Қазіргі уақытта KASE-де АҚШ долларымен есептеле отырып теңгемен және еуромен есептелген АҚШ доллары, еуро, Ресей рублі және Қытай юані бойынша сауда-саттық жүргізілуде.

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

*Қаржы нарығындағы ахуал туралы*

### 1. Инфляция

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша 2014 жылғы тамызда инфляция 0,4%-ды (2013 жылғы тамызда – 0,2%) құрады. Бұл ретте азық-түлік тауарларының бағасы 0,1%-ға (0,0%-ға) төмендеді. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 1,1%-ға (0,3%-ға) қымбаттады, ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,4%-ға (0,5%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2014 жылғы тамызда көбінесе жұмыртқа – 3,6%-ға, күріш – 2,5%-ға, қант – 2,3%-ға, ұн – 1,5%-ға, ет және ет өнімдері – 1,3%-ға, оның ішінде құс еті – 9,0%-ға, балық және теңіз өнімдері – 0,8%-ға, кондитерлік өнімдер – 0,7%-ға, макарон өнімдері – 0,5%-ға қымбаттады. Жемістер мен көкөністердің бағасы - 6,8%-ға, оның ішінде картоп – 19,9%-ға, орамжапырақ – 9,7%-ға, пияз – 8,1%-ға, сәбіз – 6,7%-ға төмендеді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында сыртқы киімнің бағасы 0,7%-ға, аяқ киім – 0,5%-ға, тұрмыстық үй заттары – 0,2%-ға, дәрі-дәрмектер – 0,3%-ға, газеттер, кітаптар мен кеңсе тауарлары – 2,1%-ға өсті. Бензиннің құны 8,3%-ға, дизель отыны – 0,3%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу 0,2%-ға өсті. Бұл ретте тарату желілері бойынша тасымалданатын газ үшін тарифтер 1,4%-ға, сұйытылған газ – 1,0%-ға, тұрғын үйді жалға алу – 0,5%-ға, ыстық су – 0,4%-ға, суық су – 0,1%-ға өсті. Бұдан басқа, өткен айда амбулаторлық қызмет көрсету бағасы 1,4%-ға, көлік қызметі – 0,8%-ға, демалыс, ойын-сауық және мәдениет саласындағы қызмет – 0,1%-ға, мейрамханалар мен қонақүйлер қызметі – 0,7%-ға көтерілді.

2014 жылғы қаңтар-тамызда инфляция 5,4% (2013 жылғы қаңтар-тамызда – 3,1%) болды. Азық-түлік тауарлары 2014 жылдың басынан бері 5,3%-ға (1,7%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 6,2%-ға (1,6%-ға), ақылы қызмет көрсету – 4,7%-ға (6,3%-ға) қымбаттады (1-график).

1-график

**2013 және 2014 жж. қаңтар-тамыздағы инфляция және  
оның негізгі топтары**



2014 жылғы тамызда инфляция жылдық көрсеткіш бойынша 7,1% (2013 жылғы желтоқсанда – 4,8%) болды. Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 6,9%-ға (3,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 8,1%-ға (3,3%-ға), ақылы қызмет көрсету – 6,4%-ға (8,0%-ға) қымбаттады.

### 2. Халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары

2014 жылғы тамызда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 27,7 млрд. АҚШ долларына дейін 2,8%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 12,2%-ға ұлғайды). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,8%-ға ұлғайып, 27,1 млрд. АҚШ долларын құрады (жыл басынан бері 12,1%-ға өсті). Ұлттық қордың активтерін толықтыру, Үкіметтің сыртқы

борышына қызмет көрсету бойынша операциялар, сондай-ақ банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен және ішкі валюта нарығындағы валютаны сатып алумен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2014 жылғы тамызда 1,1%-ға төмендеді. Алтындағы активтер жүргізілген операциялар нәтижесінде, оның әлем нарықтарындағы бағасы шамалы төмендеген кезде 14,9%-ға ұлғайды.

2014 жылғы тамызда жалпы алғанда елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 77,2 млрд. АҚШ долл.) 105,0 млрд. АҚШ долларына дейін 1,2%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 9,9% өсті).

2014 жылғы тамызда ақша базасы 5,3%-ға тарылып, 3657,4 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 29,3%-ға кеңейді). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3529,9 млрд. теңгеге дейін 2,9%-ға тарылды.

2014 жылғы шілдеде ақша массасы 13427,4 млрд. теңгеге дейін 0,1%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 15,7%-ға өсу). Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1439,6 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға төмендеді (жыл басынан бері 4,8%-ға төмендеді), банк жүйесіндегі депозиттер 0,2%-ға ұлғайып, 11985,1 млрд. теңгені құрады (жыл басынан бері – 18,8%-ға өсті). Ақша массасы құрылымындағы депозиттердің үлесі 2014 жылғы қаңтар-шілдеде тіркелген айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі нәтижесінде 2013 жылғы желтоқсандағы 87,0%-дан 2014 жылғы шілдеде 89,3%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы 2014 жылғы қаңтар-шілдеде тіркелген ақша массасының өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасы кеңеюінің үдемелі қарқынының салдарынан 2013 жылғы желтоқсандағы 4,10-нан 2014 жылғы шілденің қорытындысы бойынша 3,48-ге дейін төмендеді.

### **3. Валюта нарығы**

2014 жылғы тамызда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 182,00 – 183,28 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 182,00 теңге болды.

2014 жылғы тамызда қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2014 жылдың алдыңғы айымен салыстырғанда 46,3%-ға ұлғайып, 8,8 млрд. АҚШ долларын құрады. Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 0,6 млрд. АҚШ долларына дейін 5,1%-ға ұлғайды.

Жалпы алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 2014 жылғы шілдемен салыстырғанда 42,7%-ға өсіп, 9,4 млрд. АҚШ доллары болды.

### **4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы**

2014 жылғы тамызда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 6 аукцион өткізілді. Онда 12 айлық МЕККАМ (0,2 млрд. теңге), 3 жылдық МЕОКАМ (10,6 млрд. теңге), 6 жылдық МЕУКАМ (14,2 млрд. теңге), 9 жылдық МЕУКАМ (4,7 млрд. теңге), 10 жылдық МЕУКАМ (7,8 млрд. теңге), 15 жылдық МЕУКАМ (32 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 12 айлық МЕККАМ бойынша – 4,00%, 3 жылдық МЕОКАМ бойынша – 5,27%, 6 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,50%, 9 жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,00%, 10 жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,13%, 15 жылдық МЕУКАМ бойынша – 7,68% болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 1,9%-ға ұлғая отырып, 2014 жылғы тамыздың аяғында 4015,7 млрд. теңге құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары.

2014 жылғы тамызда Ұлттық Банктің 3 айлық ноттарын орналастыру бойынша 2 аукцион болды (6,9 млрд. теңге және 4,0 млрд. теңге). Орналастырылған ноттар бойынша тиімді кірістілік тиісінше 3,32% және 3,27% құрады.

2014 жылғы тамыздың аяғында айналыстағы ноттардың көлемі 2014 жылғы шілдемен салыстырғанда 31,4%-ға ұлғайып, 20,8 млрд. теңге құрады.



## 5. Банкаралық ақша нарығы

2014 жылғы шілдеде орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 14,1%-ға ұлғайып, баламасында 4637,0 млрд. теңге болды.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 41,4%-ға өсіп, 920,9 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 19,9%) болды. Бұл ретте теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы маусымдағы 2,81%-дан 2014 жылғы шілдеде 2,79%-ға дейін азайды.

2014 жылғы шілдеде доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі

2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 11,3%-ға ұлғайып, 19,6 млрд. АҚШ долларын (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 77,4%-ы) құрады. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі

2014 жылғы маусымдағы 0,043%-дан 2014 жылғы шілдеде 0,052%-ға дейін ұлғайды.

Ресей рублімен және еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі көп емес – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің тиісінше 2,3%-ы және 0,4%-ы.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 2014 жылғы маусымдағы 84,0%-дан 2014 жылғы шілдеде 80,1%-ға дейін қысқарды.

Шетел валютасымен резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінің 2014 жылғы маусымдағы 83,6%-дан 2014 жылғы шілдеде 79,4%-ға дейін қысқарды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 2014 жылғы шілдеде 43,4%-ға ұлғайып, 871,7 млрд. теңгені құрады.

## 6. Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2014 жылғы шілдеде 11 985,1 млрд. теңгеге дейін 0,2%-ға көтерілді (жылдың басынан бері 18,8%-ға өсті). Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 7 578,7 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға көтерілді (жылдың басынан бері 22,6%-ға өсті), жеке тұлғалардың депозиттері

4 406,4 млрд. теңгеге дейін 1,9%-ға ұлғайды (жылдың басынан бері 12,8%-ға өсті).

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 2014 жылғы шілдеде 0,2%-ға

6 609,4 млрд. теңгеге дейін азайды (заңды тұлғалардікі – 1,2%-ға төмендеді, жеке тұлғалардікі – 2,2%-ға өсті), шетел валютасымен – 0,7%-ға 5 375,6 млрд. теңгеге дейін өсті (заңды тұлғалардікі – 0,1%-ға төмендеді, жеке тұлғалардікі – 1,7%-ға өсті). Теңгемен депозиттердің үлес салмағы бір айда 55,4%-дан 55,1%-ға дейін төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қоса есептегенде) банктердегі салымдары 2014 жылғы шілдеде 4 447,9 млрд. теңгеге дейін 1,9%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 12,7%-ға өсті). Халық салымдарының құрылымында теңгедегі депозиттер 2 070,0 млрд. теңгеге дейін 2,1%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттер 2 377,8 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға өсті. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 46,4%-дан 46,5%-ға дейін өсті.

2014 жылғы шілдеде мерзімді депозиттер 7 857,1 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға өсті. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгедегі депозиттер 4 185,4 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 3 671,7 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға төмендеді.

2014 жылғы шілдеде банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 5,2% (2014 жылғы маусымда – 5,1%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,4% (8,0%) болды.

## 7. Кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2014 жылғы шілдеде 12 185,6 млрд. теңгені құрап, 0,2%-ға өсті (жыл басынан бері өсім 7,9%).

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 8 175,4 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға өсті (жыл басынан өсім 3,0%), шетел валютасындағы кредит көлемі 4 010,2 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға төмендеді (жыл басынан бері өсім 19,5%). Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 66,7%-дан 67,1%-ға дейін өсті.

Ұзақмерзімді кредиттеу 2014 жылғы шілдеде 9 857,3 млрд. теңгені құрап, 0,7%-ға өсті, қысқамерзімді кредиттеу 2 328,3 млрд. теңгеге дейін 2,1%-ға төмендеді. Ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 80,5%-дан 80,9%-ға дейін өсті.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2014 жылғы шілдеде 8 166,2 млрд. теңгеге дейін 0,4%-ға төмендеді, жеке тұлғаларға кредиттер 4 019,4 млрд. теңгеге дейін 1,4%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 32,6%-дан 33,0%-ға дейін ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2014 жылғы шілдеде 1 555,4 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға өсті (жыл басынан бері өсім 21,2%), бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 12,8%-ын құрайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға берілген кредиттерінің ең қомақты сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,2%), құрылыс (10,9%), өнеркәсіп (10,9%), ауыл шаруашылығы (3,6%) және көлік (3,3%) сияқты салаларға тиесілі.


2014 жылғы шілдеде банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,5% (2014 жылғы маусымда – 10,4%), жеке тұлғаларға – 19,2% (19,8%) болды.

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

### 1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
<b>25.08-29.08</b>	<b>182,00</b>	<b>182,00</b>	<b>0,00</b>	<b>1 599,75</b>
<b>02.09-05.09</b>	<b>182,00</b>	<b>182,00</b>	<b>0,00</b>	<b>1 022,30</b>
<b>08.09-12.09</b>	<b>182,00</b>	<b>181,99</b>	<b>-0,01</b>	<b>1 319,30</b>
08.09.2014	182,00	182,00	0,00	180,60
09.09.2014	182,00	182,00	0,00	263,30
10.09.2014	182,00	182,00	0,00	189,00
11.09.2014	182,00	182,00	0,00	365,80
12.09.2014	182,00	181,95	-0,03	320,60
<b>15.09-19.09</b>	<b>181,95</b>	<b>181,95</b>	<b>-0,02</b>	<b>1 222,50</b>
15.09.2014	181,95	181,95	0,00	256,10
16.09.2014	181,95	181,95	0,00	305,00
17.09.2014	181,95	181,95	0,00	238,50
18.09.2014	181,95	181,95	0,00	183,80
19.09.2014	181,95	181,95	0,00	239,10

\* - өткен кезеңге өзгерістер




## 2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

### 1. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

#### Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі алынған кірістілік, %	орташа тиімді	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
<b>Қаржы министрлігінің МБҚ</b>					
14.07-18.07	1,59	92,16	7,25		23,5
21.07-25.07	2,22	87,68	7,31		42,9
28.07-01.08	2,37	81,99	8,05		48,7
04.08-08.08	0,78	100,0	7,13		7,8
11.08-15.08	1,11	82,78	7,68		32,2
18.08-22.08	3,14	48,06	5,27		10,5
25.08-29.08	0,99	94,97	6,67		18,9
02.09-05.09	0,65	61,87	7,25		20,0
08.09-12.09	0,71	84,85	7,12		12,1
15.09-19.09	0,92	98,89	7,10		36,2
<b>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары</b>					
14.07-18.07	0,30	100,0	3,27		3,0
21.07-25.07	0,40	100,0	3,23		4,0
28.07-01.08	-	-	-		-
04.08-08.08	0,69	100,0	3,32		6,9
11.08-15.08	0,40	100,0	3,27		4,0
18.08-22.08	-	-	-		-
25.08-29.08	-	-	-		-
02.09-05.09	-	-	-		-
08.09-12.09	-	-	-		-
15.09-19.09	-	-	-		-





**Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)**

	Көлемі млн.теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақмерзімді	ортамерзімді	қысқамерзімді	
04.07.14	3 882 910,16	3 270 048,00	573 817,85	28 154,31	10 890,00
11.07.14	3 879 942,78	3 278 348,00	573 817,85	13 910,93	13 866,00
18.07.14	3 901 458,78	3 301 848,00	573 817,85	13 910,93	11 882,00
25.07.14	3 878 900,78	3 301 848,00	551 259,85	13 910,93	11 882,00
01.08.14	3 952 575,54	3 375 500,76	551 259,85	13 910,93	11 904,00
08.08.14	3 967 301,54	3 383 283,76	551 259,85	13 910,93	18 847,00
15.08.14	4 021 358,10	3 415 283,76	569 108,02	14 151,32	22 815,00
22.08.14	4 017 700,77	3 415 283,76	567 434,69	14 151,32	20 831,00
29.08.14	4 031 866,72	3 429 449,71	569 108,02	14 151,32	22 815,00
05.09.14	4 037 619,66	3 435 202,65	567 434,69	14 151,32	20 831,00
12.09.14	4 068 682,96	3 466 265,95	567 434,69	14 151,32	20 831,00
19.09.14	4 094 224,30	3 478 679,85	580 562,13	14 151,32	20 831,00

**3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ**


	2005 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	6,691
15.09.2014	4,846
16.09.2014	4,874
17.09.2014	4,871
18.09.2014	4,87
19.09.2014	4,871
<i>эмиссия басынан бері</i>	<i>-1,82</i>
<i>апта үшін</i>	<i>0,025</i>




#### 4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,
08.09-12.09	261,4	2 890,6	-6,9	346,8	103 472,5	23,4
15.09-19.09	241,6	3 290,1	13,8	382,0	106 321,5	2,75

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі



## 5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ


Биржа	Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
		12.09.2014	19.09.2014	кезең үшін	2001ж. желт. бастап
АҚШ	Dow Jones	16 987,51	17 279,74	1,72%	70,46%
Жапония	Nikkei 225	15 948,29	16 321,17	2,34%	54,81%
Германия	DAX	9 651,13	9 799,26	1,53%	89,90%
Ұлыбритания	FTSE	6 806,96	6 837,92	0,45%	31,53%
Гонконг	Hang Seng	24 595,32	24 306,16	-1,18%	112,62%

**Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы**




Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	12.09.2014	19.09.2014	кезең үшін	2001ж. жел бастап.
USD/JPY	107,34	109,04	1,58%	-16,83%
GBP/USD	1,6268	1,6288	0,12%	12,23%
EUR/USD	1,2963	1,2829	-1,03%	44,88%
USD/RUR	37,38	38,42	2,80%	25,99%

**Еуро және жапон йенасының АҚШ долларына қатынасы бойынша бағамдары**



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		12.09.2014	19.09.2014	кезең үшін	ж жел. 01ж.
алтын	тр.ун.	1229,7	1215,7	-1,14%	339,44%
мыс	метр.тонна	6 866,0	6 883,3	0,25%	371,31%
мырыш	метр.тонна	2 269,0	2 264,5	-0,20%	193,52%
мұнай	баррель	96,41	96,95	0,56%	377,59%
астық	тонна	190,33	173,8	-8,68%	72,32%

**Алтын мен мұнайдың бағасы, АҚШ долл.**






## 6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

**Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер**

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орна- лас- тырыл- ған депозит- тер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)
<b>18.08.14-22.08.14</b>								
KZT	102 050 000	2,58	0	0,00	3 172 500	3	0	0,00
USD	26 000	5,00	0	0,00	2 823 453	0,05	1 104	11,53
EURO	0	0,00	0	0,00	4 200	0,40	0	0,00
RUR	90 000	9,50	0	0,00	2 001 600	7,30	0	0,00
<b>25.08.14-29.08.14</b>								
KZT	109 550 000	2,89	0	0,00	4 234 400	5	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	2 636 711	0,04	11 004	0,16
EURO	0	0,00	0	0,00	7 300	0,43	0	0,00
RUR	90 000	8,00	0	0,00	2 643 300	7,02	100 000	8,50
<b>02.09.14-05.09.14</b>								
KZT	150 900 000	2,77	0	0,00	3 305 000	3	0	0,00
USD	2 000	1,00	3 500	4,10	2 892 414	0,05	0	0,00
EURO	0	0,00	0	0,00	5 500	0,81	0	0,00
RUR	455 000	7,63	0	0,00	2 890 000	7,05	0	0,00
<b>08.09.14-12.09.14</b>								
KZT	158 300 000	2,72	1 000 000	6,00	1 345 000	2	7 000 000	5,30
USD	14 000	1,57	0	0,00	2 204 971	0,05	150 000	0,15
EURO	0	0,00	0	0,00	1 400	0,40	0	0,00
RUR	1 060 000	6,85	0	0,00	3 078 000	6,74	0	0,00


\*- валюта мың бірлігі



**Биржадан тыс банкаралық валюта операциялары (сату)**

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі  (валюта мың бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Мәміленің орташа алынған бағамы  бір валюта үшін теңгемен	олардың ішінде:  резидент банктер
		(валюта мың бірлігі)	%		
18.08.14- 22.08.14 USD RUB EUR	139 184 71 620 128	97 500 27 000 128	70,1 37,7 100,0	182,00 5,04 241,98	182,00 5,04 241,98
25.08.14- 29.08.14 USD RUB EUR	183 347 106 625 1 350	138 760 65 250 1 350	75,7 61,2 100,0	182,01 4,99 240,12	182,01 4,97 240,12
02.09.14- 05.09.14 USD RUB EUR	91 567 356 246 2 118	60 370 313 000 2 118	65,9 87,9 100,0	182,02 4,90 238,75	182,02 4,90 238,75
08.09.14- 12.09.14 USD RUB EUR	248 642 411 124 1 407	103 275 349 720 1 406	41,5 85,1 99,9	181,99 4,89 235,19	181,99 4,88 235,24

\* резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



Шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары

	17.09	18.09	19.09	20- 22.09	23.09	24.09	25.09	26.09	27-29.09	30.09	Қыркүйек
Австралия доллары	163,81	165,14	163,15	162,81	161,37	161,84	161,38	160,22	159,67	158,54	165,08
Әзірбайжан манаты	232,61	232,61	232,61	232,61	232,61	232,55	232,52	232,52	232,55	232,55	232,63
10 Армян драмы	1,73	1,73	1,73	1,73	1,73	1,73	1,72	4,48	4,47	4,46	4,47
100 Белорусь рублі	77,68	77,88	77,17	76,91	76,85	75,85	75,39	1,72	1,72	1,72	1,73
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	7,49	7,51	7,52	7,53	7,49	7,55	7,53	76,33	74,92	75,17	78,46
10 Венгер форингі	17,56	17,58	17,44	17,44	17,48	17,5	17,49	7,46	7,45	7,38	7,51
100 Оңтүстік Корея вонасы	23,47	23,47	23,48	23,47	23,47	23,47	23,46	17,44	17,42	17,27	17,61
1 Гонконг доллары	31,63	31,67	31,5	31,45	31,41	31,48	31,39	23,46	23,45	23,43	23,47
Грузин лариі	49,54	49,54	49,54	49,54	49,54	49,52	49,52	104,07	104,53	104,5	104,37
Дат кронасы	181,95	181,95	181,95	181,95	181,95	181,9	181,88	31,11	31,15	30,98	31,59
БАӘ дирхамы	235,44	235,81	234,48	234,13	233,75	234,32	233,64	49,52	49,53	49,53	49,54
АҚШ доллары	2,98	2,98	2,99	2,99	2,99	2,99	2,98	181,88	181,9	181,9	181,96
Еуро	2,98	2,98	2,99	2,99	2,99	2,99	2,98	231,5	231,85	230,56	235,19
Үнді рупиясы	164,59	166,15	165,63	166,03	165,56	165,18	164,24	2,97	2,96	2,96	2,99
1000 Иран риалы	29,61	29,64	29,63	29,63	29,63	29,64	29,65	6,82	6,82	6,82	6,82
Канада доллары	3,37	3,38	3,38	3,37	3,36	3,36	3,35	163,72	163,77	163,04	165,54
Қытай юані	634,86	635,3	633,97	634,19	633,75	633,14	632,63	29,64	29,69	29,58	29,64
Қырғыз сомы	68,22	68,32	67,95	67,84	67,74	67,89	67,68	3,33	3,35	3,36	3,38
Кувейт динары	56,42	56,58	56,4	56,31	56,11	56,1	56,11	631,97	632,48	631,38	635,14
Литва литі	12,79	12,7	12,67	12,68	12,71	12,72	12,72	67,05	67,18	66,81	68,14
Малайзия ринггиті	28,41	28,42	28,58	28,7	28,66	28,75	28,59	55,94	55,83	55,47	56,65
Мексика песосы	56,11	56,3	56,03	55,95	55,89	56,12	55,96	13,67	13,61	13,47	13,58
Молдова лейі	48,51	48,51	48,51	48,51	48,51	48,5	48,49	12,74	12,75	12,77	12,80
Норвег кронасы	272,87	272,96	273,25	272,45	272,4	272	272,53	28,39	28,41	28,15	28,74
Польша злотыйы	144,12	144,13	143,67	143,66	143,43	143,66	143,78	55,47	55,51	55,12	56,13
Ресей рублі	36,34	36,34	36,58	36,58	36,58	36,57	36,57	4,73	4,68	4,6	4,80
Сауд Аравиясының риялы	5,64	5,65	5,64	5,65	5,65	5,65	5,65	48,49	48,5	48,5	48,52
СДР	82,32	82,42	82	81,82	81,05	81,49	81,4	272,22	271,03	271,23	273,36
Сингапур доллары	7,84	7,84	7,84	7,84	7,84	7,84	7,84	143,36	143,26	142,62	144,19
Тәжік сомониі	14,05	14,11	14,21	12,72	14	13,99	14,21	36,57	36,57	36,57	36,43
Таиланд баты	294,29	296,47	296,61	298,07	297,38	297,42	298,21	5,64	5,64	5,63	5,66
1 түрік лирасы	8,55	8,56	8,52	8,5	8,5	8,52	8,5	81,02	80,65	79,7	82,47
100 Өзбек сумы	25,52	25,52	25,47	25,56	25,47	25,55	25,43	7,84	7,84	7,84	7,84
Украин гривнасы	194,77	194,7	194,16	194,08	193,65	194,17	193,49	14,1	14,16	14,1	14,14
Ағылшын фунт стерл.	16,64	16,64	16,57	16,46	16,33	16,37	16,33	296,54	297,02	295,19	296,79
Чех кронасы	1,7	1,7	1,68	1,67	1,67	1,68	1,67	8,41	8,43	8,38	8,52
Швед кронасы	194,77	194,7	194,16	194,08	193,65	194,17	193,49	25,23	25,21	25,05	25,58
Швейцар франкі	16,64	16,64	16,57	16,46	16,33	16,37	16,33	191,74	192,1	191,13	194,79
Оңтүстік Африка ранды	1,7	1,7	1,68	1,67	1,67	1,68	1,67	16,26	16,27	16,09	16,62
1 жапон йенасы	1,7	1,7	1,68	1,67	1,67	1,68	1,67	1,67	1,67	1,66	1,70

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 147

*Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және олардың өкілеттіктері қағидаларын бекіту туралы*

Нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және олардың өкілеттіктері қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 16 шілдедегі  
№ 147 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасының күші жойылған  
нормативтік құқықтық актілердің  
тізбесі**

1. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4070 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 115 қаулысының 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4681 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2007 жылғы мамыр-маусымда жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан

Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 28 мамырдағы № 155 қаулысының 13-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4803 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2007 жылғы мамыр-шілдеде жарияланған).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы № 167 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4847 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын



және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 9 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5156 тіркелген).

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 28 қарашадағы № 192 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5443 тіркелген).

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 7 шілдедегі № 137 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5748 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 4 қыркүйекте № 134 (1557)), Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2009 жылы № 9 жарияланған).

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын)

тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 1 наурыздағы № 20 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6133 тіркелген).

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 50 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 10-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6219 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2010 жылғы 26 тамыздағы № 14 және «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 3 қарашада № 456 (26299) жарияланған).

10. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 124 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6556 тіркелген).

11. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 135 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7661 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 16 тамызда № 516-521 (27594)

жарияланған).

12. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша

әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 379 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8316 тіркелген, «Егемен Қазақстан» 2013 жылғы 18 мамырдағы № 129 (28068) жарияланған).

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 16 шілдедегі  
№ 147 қаулысымен  
бекітілген

**Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының уақытша әкімшілігін  
(уақытша басқарушысын) тағайындау және  
олардың өкілеттіктері  
қағидалары**

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және олардың өкілеттіктері қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - уәкілетті орган) банк және өзге де операцияларды жүргізуге, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан (бұдан әрі - лицензия) айыруға байланысты банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (бұдан әрі - ұйым) уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау тәртібі, ұйымның жұмыс тәртібі және ұйымның уақытша әкімшілігінің өкілеттіктері айқындалады.

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) уақытша әкімшілік (уақытша басқарушы) - уәкілетті орган мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және ұйымды басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін тағайындайтын орган (бұдан әрі - уақытша әкімшілік);

2) уақытша әкімшіліктің басшысы - уәкілетті орган Қағидалардың 5-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып, өз қызметкерлерінің қатарынан не өзінің қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың қатарынан тағайындайтын

адам;

3) уақытша әкімшіліктің мүшесі - уәкілетті орган өз қызметкерлерінің қатарынан не өзінің қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың қатарынан, уақытша әкімшіліктің жұмысына қатысу үшін тағайындайтын адам.

**2. Уақытша әкімшілікті тағайындау тәртібі  
және оның құрамы**

2. Уақытша әкімшілік уәкілетті органның шешімімен тағайындалады.

Уақытша әкімшілік ұйымның лицензиядан айырылған күнінен бастап және уәкілетті орган тарау комиссиясын тағайындағанға дейінгі кезеңге тағайындалады.

3. Уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімінде:

1) ұйымның толық әрі қысқартылған атауы;

2) уәкілетті органның ұйымды лицензиясынан айыру туралы шешімінің күні және нөмірі;

3) уақытша әкімшіліктің қызмет ету мерзімі;

4) уақытша әкімшілік басшысының және мүшелерінің, олардың лауазымдарын көрсете отырып, тегі, аты, болса әкесінің аты;

5) уәкілетті органның уақытша әкімшілікке жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау туралы тапсырмалары көрсетіледі.

4. Уақытша әкімшіліктің құрамын ұйымның филиалдары мен өкілдіктерінің болуына, сондай-ақ алдағы жұмыс сипатына және көлеміне қарай уәкілетті орган айқындайды.

Уақытша әкімшілік басшысы және мүшелері уақытша әкімшіліктің құрамына уәкілетті органның қызметкерін тағайындау жағдайын қоспағанда, олардың келісімімен тағайындалады.

Уақытша әкімшіліктің құрамына кіретін, уәкілетті органның, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қызметкерлері болып табылатын адамдар уақытша әкімшіліктегі қызметінің барлық кезеңіне негізгі жұмыс орны бойынша лауазымдық міндеттерді орындаудан босатылады.

Көрсетілген кезеңде оның жалақысы және негізгі жұмыс орны бойынша белгіленген өзге де төлемдер сақталады.

Уақытша әкімшілік басшысы болып Қағидалардың 5-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып, жоғарғы экономикалық не заңгерлік білімі және қаржы ұйымдарында жұмыс тәжірибесі бар адам тағайындалады. Уақытша әкімшілік басшысы болып уәкілетті органның, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның қызметкері тағайындалған жағдайда қаржы ұйымдарында жұмыс тәжірибесінің болуы талап етілмейді.

Басшының жазбаша тапсырмасы бойынша уақытша әкімшілікке оған жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру, сондай-ақ уақытша әкімшілік қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін көмек көрсету қажеттігі туындаған уәкілетті органның қызметкерлері ұйым иеленген үй-жайларға кіруге және уақытша әкімшіліктің басқаруындағы құжаттарға рұқсат беріледі.

5. Уақытша әкімшіліктің құрамына:

1) ұйымның қызметкерлері, оның ішінде ұйымның, оның филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес ұйымының басшылары, басқару органы мен атқару органына кіретін адамдар, сондай-ақ бас бухгалтер, ревизиялық комиссия басшысы (ревизор) және ұйымның ішкі аудит қызметінің басшысы;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйыммен үлестес тұлға;

3) Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, ұйымның кредиторы болып табылатын адам;

4) ұйым алдында берешегі бар адам;

5) соңғы жыл ішінде қаржы саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам;

6) уәкілетті орган лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан артық емес кезең ішінде қаржы ұйымында жұмыс істеген адам кірмейді.

6. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын банктің уақытша әкімшілігінің құрамына депозиттер-

ге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның өкілдері кіреді. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің құрамына Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының өкілдері кіреді.

### 3. Уақытша әкімшіліктің өкілеттіктері

8. Уақытша әкімшілік уәкілетті орган оны тағайындаған күні өз міндеттерін орындауға кіріседі. Уәкілетті органның ұйымды лицензиясынан айыру және уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімдерінің көшірмелерін уақытша әкімшілік ұйымның басшысына қол қойдырып тапсырады.

Уақытша әкімшілік тағайындалған күні ұйымда Банктер туралы заңның 62-бабына, Сақтандыру туралы заңның 55-1-бабына сәйкес тағайындалған ұйымды басқару жөніндегі уақытша әкімшілік жұмыс істеген жағдайда, уәкілетті органның лицензиядан айыруға байланысты тағайындалған уақытша әкімшілік тағайындау туралы бұйрығы ұйымды басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің басшысына (басшының орынбасарына) қол қойдырып тапсырылады.

Уәкілетті органның лицензиядан айыру және уақытша әкімшілік тағайындау туралы шешімдерін қол қойдырып тапсыруға мүмкін болмаған кезде уақытша әкімшілік бұл туралы акт жасайды және уәкілетті органға хабарлайды. Уәкілетті органның лицензиядан айыру және уақытша әкімшілік тағайындау туралы шешімдері жөнінде ұйым басшысына хабарлау Қағидалардың 16-тармағының 3) тармақшасында көзделген шараларды жүзеге асыру арқылы жеткізіледі.

Ұйым басшысының (оның орнындағы адамның) болмағаны немесе оның уәкілетті органның лицензиядан айыру және уақытша әкімшілік тағайындау туралы шешімдерімен танысып шығудан бас тартуы уақытша әкімшілікке ұйымның үй-жайына кіруге, мүлкі мен құжаттамасын көруге кедергі жасамаса, уақытша әкімшілік уәкілетті органның оны тағайындау туралы шешімінде көрсетілген күні өз міндеттерін орындауға кіріседі.

Ұйымның басшысы (оның орнындағы адам) немесе өзге де адамдар уақытша әкімшілік жұмысына кедергі жасайтын болса, Қағидалардың 19 және 20-тармақтарында белгіленген іс-қимылдар жүзеге асырылады.

9. Уақытша әкімшілік басшысы уақытша әкімшіліктің жұмысын басқарады және

үйлестіреді, мүлкін сақтауды және ұйымды басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асырады, уақытша әкімшілік мүшелерінің арасында міндеттерді бөледі.

Міндеттерді бөлуді уақытша әкімшілік тағайындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уақытша әкімшілік басшысы уақытша әкімшілік мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу туралы бұйрық шығару және олардың өкілеттіктерін бекіту арқылы жүзеге асырады.

Уақытша әкімшілік басшысы болмаған жағдайда оның міндеттерін басшы уақытша әкімшілік мүшелерінің қатарынан тағайындаған оның орынбасары атқарады.

10. Уақытша әкімшілік ұйым басшысынан және өзге адамдарынан уақытша әкімшілік қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдайтын ұйымның, оның ішінде ұйымның филиалдары мен өкілдіктері бойынша барлық мөрлерін, мөртабандарын, клише мен пломбаларын дереу өткізуін талап етеді.

Органдар, ұйымның құрылтайшылары (қатысушылары), акционерлері және уақытша әкімшіліктің өзге адамдары ұйымның мөрлерін және (немесе) мөртабандарын бермеген жағдайда уақытша әкімшілік мөрлерді және (немесе) мөртабандарды бермегендігі туралы акт жасайды және екі жұмыс күні ішінде мөрдің (мөрлердің) телнұсқасын жасау жөнінде шаралар қабылдайды. Қажетіне қарай мөртабанның (мөртабандардың) телнұсқасы жасалады.

Уақытша әкімшілік мөрдің телнұсқасын әзірлеген күннің алдындағы жұмыс күнінен кешіктірмей, мөрдің телнұсқасының және мөрдің телнұсқасы бедерлемесін әзірленгендігі туралы уәкілетті органға хабарлама жібереді.

11. Уақытша әкімшіліктің жұмыс жасау мерзімі аралығында ұйымның мүлкімен келісім жасауға және жүргізуге, оның ішінде кезкелген нысандағы берешекті өтеуді қоса алғанда, ұйымның міндеттемелерді орындауына, ыңғайлас біркелкі талаптардың сынағын жүзеге асыруға, ұйымның ағымдағы міндеттемелерін орындауға байланысты мәмілелерді жасауға заңнамамен көзделген жағдайлардағы және лицензиядан айырылған күнге дейін туындаған міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттерді орындауға жол берілмейді.

Уәкілетті орган бақылайтын және қадағалайтын функцияларды жүзеге асыру мақсатында уақытша әкімшіліктің қызметін тексеруді жүзеге асырады.

12. Уақытша әкімшілік шығындарды барынша төмендету мақсатында уәкілетті органға хабарлама жібере отырып, ұйымның мүлкін жалға береді.

Мүлкті жалға бергеннен түскен ақша ұйымның

банктік шотына аударылады.

Уақытша әкімшілікпен жасалған жалға беру шартын жасау уақытша әкімшіліктің алғашқы талап етуі бойынша мүлкті босатуға (қайтаруға) және жалданған мүлкті жалға беру (қосалқы жалдау) мүмкін еместігіне кедергі жасауға шектеулер қоюға жалға берушінің келісімі болған жағдайда жүзеге асырылады.

Уақытша әкімшілік жалға алушыны таңдауды тендер өткізу арқылы жүзеге асырады, соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы № 40 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4181 тіркелген) қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату қағидаларының 84-2, 84-3, 84-4, 84-5 және 84-6-тармақтарының талаптарына сәйкес шарт жасалады.

13. Уақытша әкімшілік өзінің қызмет жасау мерзімі аралығында ұйымның барлық үй-жайына кедергісіз кіре алады, қызметтік үй-жайларды, байланыс құралдарын (автомобиль көлігі мен өзге де техникалық құралдар) (бұдан әрі - қызметті қамтамасыз ету құрал-жабдықтары) уақытша әкімшілік қызметін жүзеге асыруға арналған тиесілі ұйымдарды пайдалана алады.

Уәкілетті органның уәкілетті бөлімшесі ұйымның қызметті қамтамасыз ету құрал-жабдығының жоқтығынан немесе оларды пайдалану мүмкіндігі жоқтығынан уақытша әкімшіліктің кіріс және шығыс хат-хабарларын қабылдауды және жіберуді жүзеге асырады, сондай-ақ уақытша әкімшілік уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ететін құрал-жабдықтарға кіру рұқсатын ұсынады.

14. Уақытша әкімшілік ұйымның мүлкін сақтауын қамтамасыз ету мақсатында ұйымның ақшасы бар болса:

1) үй-жайлардың, ғимараттардың, қақпалардың, металл шкафтардың, сейфтердің (бұдан әрі - арнайы құрылғылар) құлыптарын, кілттерін арнайы кіру құрылғыларын пайдалана отырып, ауыстыруды жүзеге асырады;

2) күзет қызметін (ғимараттар, үй-жайлар, ұйымның мүлкі) көрсететін ұйыммен жасалған шартты бұзып, күзету қызметін ұсынатын басқа заңды тұлғалармен шарт жасайды.

Уақытша әкімшілік уәкілетті органға уәкілетті органның тиісті бөлімшелерінің электронды құжаттарды сақтау мен ұйымның автоматтандырылған жүйесіне кіру рұқсаты үшін пайдаланатын кілттер мен парольді ауыстыру жөніндегі өтінішпен хабарласады.



15. Уақытша әкімшілік тағайындалған күні мынадай іс-қимылдарды атқарады:

1) ұйымның басшысына лицензиядан айыру және уақытша әкімшіліктің тағайындалғаны туралы уәкілетті органның шешімін табыс етеді және лицензиядан айыру және уақытша әкімшіліктің тағайындалғаны туралы уәкілетті органның шешімінің көшірмесін ұйым клиенттерінің шолып шығуы үшін қол жетімді орынға орналастырады;

2) ұйымның басшысынан және өзге адамдардан ұйымды тіркеуге байланысты құжаттарды, ұйымға берілген лицензиялардың түпнұсқаларын, фирмалық бланкілерді, ақпараттың электрондық тасымалдағыштарын, бағдарламалық қамтамасыз етуді, басқа заңды тұлғалардың құжаттамалық нысанда шығарған бағалы қағаздарын, ұйым меншік иесі болып табылатын жылжымайтын мүліктің құқық белгілеуші құжаттарын, кіру кодын, ақпаратқа рұқсат беру мақсатындағы парольдерге байланысты барлық құжаттарды оларға дереу өткізуді талап етеді және оларды қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдайды;

3) ұйымның кассаларын, банкоматтарын, оның филиалдарындағы, өкілдіктеріндегі және өзге де бөлімшелеріндегі бар барлық ақшаны және өзге құндылықтарды тексеруді (ревизияны) бастайды және оны үш жұмыс күні ішінде аяқтайды;

4) ұйымда банктік шоттардың болуын анықтайды және банкерді лицензиядан айыру және уақытша әкімшіліктің тағайындалғаны туралы уәкілетті органның шешімін, банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тек уақытша әкімшілік жүргізетіндігін және банктік шоттар бойынша үзінді көшірмелер ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді;

5) осының алдында ұйымның атынан берілген сенімхаттарды жояды, сондай-ақ бұл туралы сенімхатта көрсетілген заңды және жеке тұлғаларды хабардар етеді;

6) Банкер туралы заңның 48-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасымен, Сақтандыру туралы заңның 69-бабы 2-тармағының 6) тармақшасымен көзделген іс-шараларды жүзеге асырады;

7) уақытша әкімшілік тағайындалған күні электронды түрде бар автоматтандырылған жүйенің есепті деректерін жеке электронды тасымалдағышқа көшірме (резервтік көшірме) жасай отырып, бухгалтерлік ақпаратты басып шығаруды жүзеге асырады (банкер үшін - баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін - бас бухгалтерлік

кітап). Электронды түрдегі осы ақпарат болмаған кезде осы аталған күнгі қағаз тасымалдағыштағы ақпарат негізге алынады.

16. Уақытша әкімшілік мынадай іс-қимылдарды орындайды:

1) ұйымды басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асырады және ұйымның барлық құжаттарына қол қояды;

2) тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

Банктің корреспонденттік шоттарын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1199 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының банкеріндегі клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларының талаптарына сәйкес ресімделген қол қою үлгілері мен мөр бедерлері бар жаңа құжаттарды уәкілетті органға және банкерге ұсынады;

Ұйымның бухгалтерлік есептік деректерімен банктік шоттардағы (оның ішінде шетелдік банкердегі) қалдықтарды салыстырады және салыстыру қорытындысы бойынша акт жасайды;

мүлікті және олармен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асырушы органдарды, сондай-ақ «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі», «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі», «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамдарын уәкілетті органның ұйымды лицензиядан айыру және уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімімен хабардар етеді және уақытша әкімшілік жасамаған ұйымның мүлікті айыру және мәмілені тіркеу, сондай-ақ ұйым кепіл ұстаушы болып табылатын мүліктен ауыртпалықты алуға тыйым салуды белгілейді;

3) уәкілетті органның лицензиядан айыру және уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімін Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімдік баспасөз басылымдарының кем дегенде екеуінде орыс және мемлекеттік тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы ұйымның акционерлерін, кредиторларын және дебиторларын мәлімет ретінде хабардар етеді;

4) активтерге, міндеттемелерге (баланстық және баланстан тыс), ұйымның құжаттарына түгендеу жүргізеді, Қағидалардың 6-тарауында белгіленген тәртіп бойынша мүліктер мен құжаттарды қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдайды, олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

5) толық материалдық жауапкершілігі бар, оның

ішінде бухгалтерлік есепті жүргізетін адамдардың және автоматтандырылған ақпараттық жүйеге рұқсаты бар адамдардың ұйымның қаржылық және өзге де есептілігін жасау бойынша аясын анықтайды;

6) ұйымның активтерін анықтайды;

7) ұйымның мүлкіне ауыртпалық қойған органдарға, ауыртпалықты алып тастау туралы өтініш жасайды;

8) қолма-қол ақшаны ұйымның банктік шотына одан әрі есепке алу үшін қолма-қол ақшаның инкассациясын ұйымдастырады;

9) уақытша әкімшілік жұмыс істеген кезеңде қызметкерлермен еңбек қатынастарын жалғастыру қажеттігі жоқ болса, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлермен еңбек шарттарын бұзады;

10) өз функциялары мен міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін өтеулі қызмет көрсету шарттары бойынша адамдарды тартады;

11) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеулі қызмет көрсету шарттарын бұзады;

12) егер олардың іс-әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) ұйымға зиян келтірілген болса, ұйымның атынан соттарға шағым түсіреді, оның ішінде ұйымның органдары мүшелерін, бас бухгалтерін және өзге тұлғаларын жауапкершілікке тартады;

13) өз функцияларын жүзеге асыру барысында үшінші тұлғалардың қылмыстық белгісі бар іс-әрекет жасағаны анықталса, ақпарат құқық қорғау органдарына жіберіледі және бұл туралы уәкілетті орган хабардар етіледі;

14) ұйымның мүлкі мен құжаттарын қабылдау-өткізу аяқталған соң уақытша әкімшілік тарату комиссиясына уақытша әкімшіліктің жұмысты орындау туралы есебін бекітуге уәкілетті органға ұсынады.

17. Банктің уақытша әкімшілігі мынадай іс-қимылдарды атқарады:

1) тағайындалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға уәкілетті органның лицензиядан айыру және уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімін жібереді;

2) лицензиядан айырылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы № 176 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 5770 тіркелген) бекітілген Банктік операцияларды жүргізуге берілген лицензиядан айырылған банктің активтерін және міндеттемелерін бір мезгілде басқа банкке (банктерге) беру операциясын жүргізу ережесінде белгіленген тәртіпте банктің активтерін және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың алдындағы міндеттемелерін бөлігімен не толық көлемде бір мезгілде басқа банкке (банктерге) беру операциясын жүргізу туралы шешім қабылдайды;

3) тағайындалған күнінен бастап отыз жұмыс күнінен кеш емес мерзімде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға кепілдік берілуі тиіс депозиттер туралы және депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен келісілген нысандар бойынша оларға есептелген сыйақы сомасы жөніндегі ақпаратты береді;

4) банкке келіп түсетін ақшаның, оның ішінде қарыз алушылардың бұрын берілген кредиттер бойынша қайтарғанын, қарыздар бойынша сыйақы мен өзге де кірістерді, сондай-ақ тұрақсыздық айыптарын, өсімпұлдар мен айыппұлдарды, банктің аванстық төлемдерінің қайтарылуын, сондай-ақ банкке меншік құқығында тиесілі бағалы қағаздарды өтеуден болған қаражатты қоса алғанда, бұрын жасалған мәмілелерден болған кірістердің есепке жазылуын бақылайды;

5) «Мерзімінде төленбеген есеп айырысу құжаттары», «Банктің корреспонденттік шотында ақшаның болмауынан мерзімінде төленбеген клиенттердің есеп айырысу құжаттары» баланстан тыс шоттары бойынша картотекадан төлем құжаттарын қайтарады;

6) банктің клиенттеріне банктің сейфтік ұяшығында орналастырылған мүліктерін қайтарады.

18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігі мынадай іс-әрекеттер жасайды:

1) уәкілетті органның лицензиядан айыру туралы шешімін және уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімін Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына жібереді;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы лицензиясынан айырылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Сақтандыру туралы заңның 54-1-бабында және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 29 қарашадағы № 171 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6722 тіркелген) Сақтандыру портфелін беру ережесінде көзделген тәртіппен

уәкілетті органмен келісілуге тиіс сақтандыру портфелін табыстау туралы шешім қабылдайды;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын және мүлкін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан қабылдау-өткізу жиынтықты актісіне қол қойған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде уақытша әкімшіліктің басшысына (уақытша басқарушыға) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру шарттарының тізілімін ұсынады;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының, полистерінің бланкілерін және сақтандыру агенттеріндегі қолма-қол ақша қалдығын алады. Қолма-қол ақша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банк шотына тапсырылады;

5) орналастырылған сақтандыру резервтері мен кірістерінің қайтарылуын, оның ішінде сақтандыру сыйлықақылары мен өзге де кірістерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аванстық төлемдерін, дебиторлық берешегін, тұрақсыздық айыптарын, өсімпұлдар мен айыппұлдарды, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына меншік құқығында тиесілі бағалы қағаздарды өтеуден болған қаражатты қоса, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына келіп түсетін барлық қолма-қол емес және қолма-қол ақшаның есепке жазылуын бақылайды.

19. Егер ұйымның басшылары және қызметкерлері немесе олардың тапсыруы бойынша әрекет ететін өзге адамдардың заңсыз әрекет жасауы немесе әрекет етпеуі арқылы уақытша әкімшілік оған жүктелген қызметтерді толық немесе ішінара жүзеге асыра алмайтын жағдайлар жасаса, уақытша әкімшіліктің жұмысты жүзеге асыруына кедергі ету туралы актіні (бұдан әрі - кедергі ету туралы акт) уақытша әкімшілік жасайды.

Кедергі ету туралы акт кедергі ету фактісі анықталған күні жасалады және оған уақытша әкімшіліктің басшысы және мүшелері қол қояды.

20. Уақытша әкімшілік кедергі ету туралы акт жасау күні Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес кедергі ету туралы актіні әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді қабылдау үшін уәкілетті органға жібереді.

Өңірде уақытша әкімшілік мүшесі жасаған және қол қойған кедергі ету туралы актінің көшірмесі уақытша әкімшіліктің басшысына жіберіледі.

#### **4. Уақытша әкімшіліктің шығыстарын жүзеге асыру, уәкілетті органға ақпарат ұсыну**

21. Лицензиядан айырған және уақытша әкімшілікті тағайындаған күннен бастап ұйым қаржылық қызметті, оның ішінде:

шығыстар сметасы шеңберінде уақытша әкімшіліктің қызметін қамтамасыз етумен және ұйымға келіп түсетін ақшаны есептеумен байланысты ұйымды күтуге;

банктің активтерін және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың алдындағы міндеттемелерін бөлігімен не толық көлемде бір мезгілде басқа банкке (банктерге) беру бойынша операциялар жүргізуге;

сақтандыру портфелін басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына беруге;

қате төлем құжаттары бойынша келіп түскен ақшаны қайтару бойынша шығыстармен байланысты жағдайларды қоспағанда бар шоттар бойынша барлық операцияларды жүзеге асыруды тоқтатпайды.

22. Уақытша әкімшіліктің басшысы бекіткен шығыстар сметасына сәйкес уақытша әкімшіліктің шығыстары Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

Шығыстар сметасы жоспарланатын ай сайынғы шығындарға сүйене отырып жасалады және уақытша әкімшілік тағайындалған күннен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей түсіндірме жазбамен бірге уәкілетті органға ұсынылады.

Бұдан кейін шығыстар сметасы ай сайынғы негізде жоспарланатын кезеңнің алдында айдың жетісі күнінен кешіктірмей уәкілетті органға ұсынылады.

Филиалдық желісі бар ұйымда уақытша әкімшіліктің басшысы уақытша әкімшілік бөлімшелерінің шығыстар сметасын жасау бойынша қызметін үйлестіреді және шығыстарды уақытша әкімшілік бөлімшелері бойынша бөлігінде шығыстардың шоғырландырылған сметасының жасалуын қамтамасыз етеді.

23. Уақытша әкімшілік, уәкілетті орган уақытша әкімшіліктің шығыстар сметасын жасау, қарау және бақылау кезінде шығыстардың нақтылығы, негізділігі, мақсатқа сәйкестігі және шынайылығы қағидаттарын басшылыққа алады.

Шығыстардың нақтылығы қағидаты, шығыстар сметасын жасау кезінде ұйымның нақты қаржылық жағдайына, оның ішінде кредиторлар алдындағы берешек көлеміне сүйену қажеттігін білдіреді.

Шығыстардың негізділігі қағидаты уақытша әкімшіліктің қызметін жүзеге асырудың белгілі бір

кезеңіндегі болжанатын шығындардың объективті қажеттілігін ұғыну қажет.

Мақсатқа сәйкестігі қағидаты уақытша әкімшілік жасайтын шығындар алдыға қойған мақсатқа сәйкестігін білдіреді, яғни мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге және ұйымды басқаруды қамтамасыз ету бойынша шараларды жүзеге асыруға бағытталған.

Шығыстардың шынайылығы қағидаты уақытша әкімшіліктің жасалған (жоспарланған) шығындарының құжаттық расталуын білдіреді.

24. Уәкілетті орган уақытша әкімшіліктің шығыстар сметасымен көзделген ақшаның пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады.

Ұйымның нақты қаржылық жағдайын негізге және уақытша әкімшілік орындайтын жұмысты есепке ала отырып бекітілген шығыстар сметасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, олар сондай-ақ сметаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ұсынылады.

Егер уақытша әкімшіліктің басшысы бекіткен шығыстар алдыңғы кезеңде жүзеге асырылмаған болса және оларды жоспарланған кезеңде жүзеге асыру қажеттігі бар болса, көрсетілген шығыстар жоспарланған кезеңдегі тарату шығыстары сметасына енгізілуі тиіс.

25. Шығындар сметасында шығындардың мынадай баптары көзделеді:

- 1) еңбекке ақы төлеу шығындары;
- 2) бюджетке аударым жасау;
- 3) әкімшілік шығындары;
- 4) тауар-материалдық құндылықтар иелену бойынша шығындар;
- 5) іссапар шығындары;
- 6) қате нұсқаулар бойынша келіп түскен ақшаны қайтару бойынша шығындар;
- 7) банктің активтер және міндеттемелерін бір мезгілде басқа банкке (банктерге) беру бойынша операцияларды жүргізуге шығындар;
- 8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру портфелін толық көлемде басқа сақтандыру ұйымына беру бойынша шығындары;
- 9) күтпеген шығындар.

Екінші бап бойынша үнемдеу есебінен шығындардың бір бабы бойынша артық шығындануға рұқсат етілмейді.

26. Еңбекке ақы төлеу шығыстары мына шығындарды көздейді: уақытша әкімшіліктің құрамына қосылған уәкілетті орган қызметкерлерінің, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымдардың және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру

қорының еңбегіне ақы төлеуді қоспағанда, уақытша әкімшіліктің басшысы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, ұйымының бар филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, ұйым қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу.

Еңбекке ақы төлеу бөлігіндегі шығыстардың сметасын қалыптастыру кезінде есеп айырысулар жасалған еңбек шарттарына, ақылы қызмет көрсету шарттарына және жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтарға негізделеді.

Уақытша әкімшіліктің Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 48-бабына сәйкес қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу шарттарын өзгертуіне жол беріледі.

27. Бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес жасалады.

28. Әкімшілік шығыстар уақытша басқару шығынының негізгі бөлігін білдіреді. Осы шығыстар:

жасалған шарттардың талаптары (көлікті күзету, мүлікті бағалау және т.б.);

заңнама талаптары (жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алымдарды төлеу - салық заңнамасына сәйкес);

құжаттамалық расталған алдыңғы кезеңдегі және айдан айға қайталанып тұратын шығыстар (шот-фактуралар негізіндегі коммуналдық қызметтер) ескеріле отырып, жоспарлануы тиіс.

29. Әкімшілік шығыстар:

1) қызметтік және шаруашылық қажеттіліктер үшін көлік жалдау қызметтері;

2) байланыс қызметтері (телекоммуникациялық шығыстар, телефонды, телеграфты пайдаланғаны үшін абоненттік төлем, қалааралық және халықаралық сөйлесулер, почта және анықтамалық қызметтер бойынша шығыстар);

3) үйлер мен ғимараттар күзеті және сигнализациясы бойынша қызметтер (меншікті және кепіл мүлкін), құлыптар мен кілттерді жасау;

4) көлікті күзету қызметтері;

5) көлікке арналған тұрақтарды ұсыну қызметтері;

6) көлікті тіркеу қызметтері;

7) көлікті техникалық тексеру бойынша қызметтер;

8) көлікті сақтандыру қызметтері;

9) коммуналдық қызметтер;

10) мердігерлік тәсілмен жүзеге асырылатын негізгі құрал-жабдықтарды ағымдағы жөндеу, оларға техникалық, сервистік қызмет көрсету (тексеру) жұмыстары;



11) бағдарламалық қамтамасыз етуге қызмет көрсету;

12) үй-жайды жалдау;

13) тіркеу органдарында жылжымайтын мүлікке құқықтарды және тиісті құжаттаманы тіркеу қызметтері;

14) мүлікті бағалау қызметтері;

15) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қызметтері;

16) сауда-саттықты ұйымдастыру және оны жүргізу бойынша қызметтер;

17) жылу жүйелерін іске қосуға дайындық жа-сау қызметтері;

18) сантехникалық жұмыстар;

19) мүлікті сақтау қызметтері;

20) нотариатта куәландыру қызметтері;

21) мүлікті тасымалдау, тиеу, түсіру бойынша қызметтер;

22) инкассация қызметтері;

23) сараптама жүргізу жөніндегі қызметтер;

24) құжаттарды аудару бойынша қызметтер;

25) телефон нөмірлерін орнату, ауыстыру неме-се көшіру;

26) бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімдерінің жүйесін жүргізу бойынша тіркеушінің қызметтері;

27) құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу қызметтері;

28) банк шотына қызмет көрсету, банк шотын ашпай жатып жүзеге асырылған ақша аударымда-ры мен төлемдері жөніндегі қызметтер.

Жұмыстарға және қызмет көрсетулерге ақы төлеу тұрақты және бір жолғы сипатқа ие.

30. Қаржы ұйымының қаражатын үнемдеу мақсатында уақытша әкімшілік Қағидалардың 25-тармағында көзделген шығыстарды қысқарту бойынша шараларды қабылдайды.

31. Ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға және:

1) офистік жабдықтарды жұмыс жағдайында ұстауға;

2) көлік құралдарын ұстауға;

3) үй-жайларды ұстауға;

4) қағаз және бланк өнімдерін сатып алуға;

5) жанар-жағар май материалдарын сатып алуға;

6) кеңсе тауарларын сатып алуға арналған ең аз рұқсат етілетін қорды құруға бағытталған тауар-материалдық құндылықтарды сатып алуға арналған шығыстар.

32. Уақытша әкімшілік сатып алынатын әртүрлі қызметтер мен тауар-материалдық құндылықтарды шығыстар сметасына енгізу кезінде есептерді тиісті өңірде белгіленген тарифтік кестелер мен

орта нарықтық бағалар негізінде жүргізеді.

Жанар-жағар май материалдарының мақсатты әрі орынды пайдаланылуына бақылау болмаған кезде уақытша әкімшілік бақылау жүйесін әзірлеуі (жол парақтарын және талондарын жүргізуі) не жанар-жағар май материалдарын тұтыну лимиттерін белгілеуі қажет.

33. Уақытша әкімшілік басшыларының және мүшелерінің, ұйым қызметкерлерінің іссапарларға шығу шығыстары сметада көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Осы шығыстар:

1) іссапарда болғанда күнтізбелік күнге, оның ішінде жолдағы уақытқа тәуліктік;

2) тұрғын үй-жайларды жалдау бойынша шығындарды;

3) іссапар орнына және одан кері көлік шығыстарын құрайды.

Қызметкерлер мәселені қашықтықтан шешу (байланысты пайдаланумен) немесе адамдар-ды жергілікті жерлерде тарту мүмкін болмаған жағдайда іссапарға жіберіледі.

34. Қате көрсетілу бойынша келіп түскен ақшаны қайтару Қазақстан Республикасының ақша төлемі мен аударымы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

35. Болжанбаған шығыстар уақытша әкімшіліктің кезек күттірмейтін қажеттіліктеріне жұмсалатын, Қағидалардың 25-бабының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) тармақшаларында көзделмеген, мөлшері банкке - екі жүз айлық есептік көрсеткіштерден және сақтандыруға (қайта сақтандыруға) жүз айлық есептік көрсеткіштерден аспайтын жоспарланбаған шығындарды құрайды.

36. Уақытша әкімшілік жоспарланып отырған және жасалған шығыстарды уәкілетті органға шарттарды, шот-фактураларды, чектерді және өзге де растаушы құжаттарды ұсыну арқылы растайды.

37. Уәкілетті органның сұрау салуы бойын-ша уақытша әкімшілік өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпаратты ұсынады.

### **5. Ұйымның ақша қаражатын және басқа құндылықтарын тексеру (ревизия), ұйымның мүлкін және құжаттарын түгендеу, қабылдау-өткізу**

38. Ревизия банкноталарды, монеталарды, қатаң есептегі бланкілерді, өзге құндылықтарды және құжаттарды сақтау орындарындағы (материалды жауапты тұлғаларда жеке тұрған кассалардағы, банкоматтардағы, қоймалардағы (сейфтердегі және құндылықтарды сақтаудың басқа орындарындағы)



барлық банкноталарға, монеталарға, қатаң есептегі бланктерге, өзге құндылықтарға және құжаттарға тексеру жүргізеді. Ревизияның нәтижелері актімен ресімделеді. Ревизия нәтижелері бойынша қолма-қол ақшаның және құндылықтардың жетіспеушілігі белгіленген кезде арыз және осы факті бойынша растайтын құжаттар құқық қорғау органдарына тапсырылады.

39. Ұйымның бас офисінде, филиалдарында және өзге құрылымдық бөлімшелерінде қолма-қол ақшаны және өзге құндылықтарды тапсыруға уәкілетті тұлғалар болмаған кезде және (немесе) оларға кілттер (кіру кодтары) болмағанда уақытша әкімшілік акт жасайды және құндылықтарды сақтаудың көрсетілген орындарын ашу мақсатында ұйымның уақытша әкімшілігінің мүшелерінен, ұйым қызметкерлерінен комиссия құрады.

40. Ұйымның мүлкін және құжаттарын түгендеуді жүргізу үшін түгендеу комиссиясы құрылады, оған уақытша әкімшіліктің мүшелері, басшысы, бас бухгалтер және ұйымның қызметкерлері кіреді. Түгендеу комиссиясының құрамын уақытша әкімшіліктің басшысы бекітеді.

Уақытша әкімшілік түгендеу басталған күннен бастап бір ай бойы түгендеуді жүргізуді. Түгендеуді жүргізу мерзімі жұмыстың сипаты мен көлемі ескеріле отырып, уәкілетті органның келісімімен ұзартылады.

41. Уақытша әкімшілік түгендеуді жүргізу алдында:

1) бөлек кіретін және шығатын есіктері бар қосалқы үй-жайларды, жергілікті және мүлікті сақтаудың басқа да орындарын пломбалайды;

2) түгендеу кезінде соңғы кіріс және шығыс құжаттарын немесе түгендеуге жататын мүліктің қозғалысы туралы есептерді алады.

42. Уақытша әкімшілік түгендеуді жүргізу кезінде уақытша әкімшіліктің басшысымен бекітілген түгендеу тізімдемелерінің нысандарын басшылыққа алады. Түгендеу нәтижелері түгендеу тізімдемелерімен ресімделеді, олар екі данада жасалады және оған түгендеу комиссиясының мүшелері мен материалды жауапты тұлғалар қол қояды.

43. Түгендеу нәтижелері бойынша уақытша әкімшілік ұйымның мүлкі мен құжаттарын түгендеу (салыстырып тексеру) нәтижелерін ескере отырып, оларды қабылдайды, ал ұйымның басшысы, бас бухгалтері және қызметкерлері тапсы-

рады.

Ұйымның бұрынғы басшысынан уақытша әкімшілік басшысына ұйымның құжаттары мен мүлкін қабылдап-өткізу үш данада жасалатын қабылдап-өткізу актісімен ресімделеді. Қабылдап-өткізу актісінің бір данасы уәкілетті органға жіберіледі.

Ұйымның бұрынғы басшысы қабылдап-өткізу актісіне қол қоймаса, онда ол туралы белгі қойылады.

44. Егер ұйымның басшысы және (немесе) бас бухгалтері және ұйымның өзге де қызметкерлері мүлікті, бухгалтерлік және өзге де құжаттаманы толық көлемде бермесе, уақытша әкімшілік басшысы уақытша басқарушыға берілмеген мүлікті және құжаттарды көрсете отырып олардың жоқ екендігі туралы акт жасайды.

45. Егер ұйымның басшысы және (немесе) бас бухгалтері және өзге де қызметкерлері ұйымның мүлкі мен құжаттарын беруден бас тартса, уақытша әкімшілік басшысы қарсылық білдіргендігі туралы акт жасайды.

46. Түгендеу өткізу және ұйымның мүлкі мен құжаттарын ұйымның бұрынғы басшылығынан қабылдап-өткізу аяқталғаннан кейін ұйымның мүлкі мен құжаттары табылған жағдайда уақытша әкімшілік басшысы уақытша әкімшілік мүшелерінің және ұйым қызметкерлерінің қатысуымен олардың анықталған орнын және анықталу себебін, олардың сақталу жағдайын, тізімдемесінің болуын, жүйеге келтірілгендігі, сақталу талаптарын көрсете отырып мүлік пен құжаттардың анықталғандығы туралы акт жасайды.

## **6. Уақытша әкімшілік қызметінің аяқталуы**

47. Уақытша әкімшіліктің қызметі уәкілетті орган ұйымның тарату комиссиясын тағайындаған сәттен бастап тоқтатылады.

48. Уақытша әкімшілік тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап өз өкілеттігінен босайды және Банктер туралы заңда, Сақтандыру туралы заңда белгіленген мерзімдерде және тәртіпте мүлік пен құжаттарды (ұйымның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасын, мөрлерін, мөртабандарын, материалдық құндылықтарын және өзге де мүлкін) тарату комиссиясының төрағасына табыстауды қамтамасыз етеді.

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру)  
 ұйымының уақытша әкімшілігін  
 (уақытша басқарушысын) тағайындау  
 және олардың өкілеттіктері қағидаларына  
 қосымша

Нысан

«Бекітілді»

Уақытша әкімшілік басшысы

(қолы)

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
 Мөр орны

жылы \_\_\_\_\_ айы \_\_\_\_\_

*ұйымның атауы*  
*уақытша әкімшілігі шығыстарының сметасы*

№	Шығыстар баптарының атауы	Жоспарланған шығыстар сомасы (мың теңгемен)
1	2	3
1	Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	
1.1	Уақытша әкімшілік басшысына және мүшелеріне, сондай-ақ еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін ұйымның қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу	
1.1.1	Лауазымдық еңбекақы	
1.1.2	Табыс салығы	
1.1.3	Міндетті зейнетақы жарналары	
1.2	Өтеулі қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсететін тұлғаларға еңбекақы төлеу	
2	Бюджетке аударымдар	
2.1	Салықтар	
2.2	Төлемдер	
2.3	Өзге де аударымдар	
3	Әкімшілік шығыстар	
3.1	Қызметтік және шаруашылық қажеттікке арналған көлікті жалдау қызметтері	
3.2	Байланыс қызметтері (телекоммуникация шығыстары, телефон, телеграф пайдаланғаны үшін абоненттік төлем, қалааралық және халықаралық сөйлесу шығыстары, почта және анықтамалық қызметтерінің қызмет көрсетулері)	
3.3	Үйлер мен ғимараттарды (меншікті және кепілге қойылған) күзету және сигнализация қызметтері	
3.4	Көлікті күзету қызметі	
3.5	Көліктерге арналған тұрақтар ұсыну қызметі	
3.6	Көлік тіркеу қызметі	
3.7	Көлікті техникалық бақылаудан өткізу қызметі	
3.8	Көлікті сақтандыру қызметі	

3.9	Коммуналдық қызметтер	
3.10	Мердігерлік тәсілмен жүзеге асырылатын негізгі құрал-жабдықтардың ағымдағы жөндеу, техникалық сервистік қызмет көрсету жұмыстары	
3.11	Үй-жайды жалдау	
3.12	Тіркеу органдарында жылжымайтын мүлікті және тиісті құжаттамаларды тіркеу қызметі	
3.13	Жылжымайтын мүлікті бағалау қызметі	
3.14	Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қызметі	
3.15	Жылыту жүйесін іске қосуға дайындау қызметі	
3.16	Сантехникалық жұмыстар	
3.17	Мүлікті сақтау қызметі	
3.18	Нотариаттық куәландыру қызметі	
3.19	Мүлікті тасымалдау, тиеу, түсіру қызметі	
3.20	Сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу қызметі	
3.21	Инкассациялау қызметі	
3.22	Сараптама өткізу қызметі	
3.23	Бағдарламалық қамтамасыз етуге ілеспе қызметі	
3.24	Құжаттарды аудару қызметі	
3.25	Телефон нөмірлерін орнату, ауыстыру және аудару	
3.26	Акционерлер тізілімін өзекті күйде ұстап тұруға арналған тіркеушінің қызметі	
3.27	Құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу қызметі	
3.28	Банк шоттарын ашу, банк шотын ашпай жүзеге асырылған ақша аударымы және төлемі қызметін көрсету қызметі	
4	Тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу шығыстары	
4.1	Офистік жабдықты жұмыс күйінде ұстауға арналған шығыстар	
4.2	Көлік құралдарын ұстауға арналған шығыстар	
4.3	Үй-жайларды ұстауға арналған шығыстар	
4.4	Қағаз және бланк өнімдер сатып алуға арналған шығыстар	
4.5	Кеңсе тауарларын сатып алуға арналған шығыстар	
4.6	Жанар-жағар май материалдарын сатып алуға арналған шығыстар	
5	Іссапар шығыстары	
6	Жаңылыс нұсқау бойынша келіп түскен ақшаны қайтару шығыстары	
7	Банктің активтер мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру бойынша операцияларды жүргізуге арналған банк шығыстары	
8	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық көлемде сақтандыру портфелін басқа сақтандыру ұйымына беру бойынша шығыстары	
9	Күтілмеген шығыстар	
Айына жиынтығы		

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
Орындаушы \_\_\_\_\_  
Телефон \_\_\_\_\_

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 148

*Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) есептер мен өзге (қосымша) ақпаратты беру нысандарын, мерзімдерін және кезеңділігін бекіту туралы*

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) (бұдан әрі - уақытша әкімшілік) қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

- 1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банк активтерінің жағдайы туралы есеп;
- 2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің жағдайы туралы есеп;
- 3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банк міндеттемелерінің жағдайы туралы есеп;
- 4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сақтандыру ұйымы міндеттемелерінің жағдайы туралы есеп;
- 5) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қайта сақтандыру ұйымы міндеттемелерінің жағдайы туралы есеп;
- 6) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қаржы ұйымының баланстан тыс шоттары бойынша есеп;
- 7) осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қаржы ұйымының есепті кезеңдегі ағымдағы шоты бойынша ақша қозғалысы туралы есеп;
- 8) осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қаржы ұйымының есепті кезеңдегі касса бойынша ақша қозғалысы туралы есеп;
- 9) осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қаржы ұйымының уақытша әкімшілігі есепті кезеңде жұмсаған шығыстары туралы есеп;
- 10) осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша есепті кезеңде қаржы ұйымының атынан сотқа берілген талап арыздар туралы есеп;
- 11) осы қаулының 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қаржы ұйымы қызметкерлерінің саны туралы есеп;
- 12) осы қаулының 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қаржы ұйымының орналастырылған салымдары туралы есеп;
- 13) осы қаулының 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қаржы ұйымының бағалы қағаздары туралы есеп;
- 14) осы қаулының 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қаржы ұйымының уақытша әкімшілігі жалға беретін мүлкі туралы есеп бекітілсін.

2. Уақытша әкімшілік Ұлттық Банкке:

- 1) факсимильдік не электрондық байланыс арқылы ағымдағы жұмыс күні істелген жұмыс туралы есепті (күн сайынғы есепті);
- 2) қағаз тасымалдағышта бір айда істелген жұмыс туралы есепті (ай сайынғы есепті):  
филиалдар болмаған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың алтыншы күнінен кешіктірмей;

филиалдар болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың сегізінші күнінен кешіктірмей:

3) тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уақытша әкімшілік тағайындалған күннен бастап тарату комиссиясы тағайындалғанға дейін орындалған жұмыс туралы уақытша әкімшіліктің есебін (орындалған жұмыс туралы есепті) ұсынады.

Уақытша әкімшілік басшысы ауысқан кезде бұрынғы басшы Ұлттық Банкке бұрынғы басшыдан жаңадан тағайындалған басшыға мүлік пен құжаттарды қабылдау-өткізу актісіне қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзі басшылық еткен кезеңде істелген жұмыс туралы есепті ұсынады.

3. Уақытша әкімшіліктің ай сайынғы есебінде осы қаулының 1-тармағында айқындалған есептер нысандарынан басқа мыналар қамтылады:

- 1) түсіндірме жазба;
- 2) қаржы ұйымының есепті күнгі жағдай бойынша бухгалтерлік балансы;
- 3) есепті күнгі балансқа айналым-сальдо ведомосі.

Есепті кезеңде болған өзгерістер жиынтық шамалар сипаттала отырып әрбір бабы бойынша ашып көрсетілуге тиіс.

Уақытша әкімшілік осы қаулының 1-тармағының 12) және 13) тармақшаларында көзделген есептерді өзі тағайындалған күннен бастап бірінші ай үшін ғана ұсынады (бір реттік сипатта болды).

4. Түсіндірме жазбада мынадай ақпарат қамтылады:

1) Ұлттық Банктің банктік, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыру туралы және уақытша әкімшілік тағайындау, оның құрамы туралы шешімдерінің атауы мен деректемелері;

2) өткен кезеңдегі есептілік көрсеткіштерінің әрбір өзгерісінің туындау себептері туралы;

3) уақытша әкімшілік қатысқан сот процестері туралы ақпаратты қоса алғанда, өзге мәліметтер мен есепті кезеңде болған оқиғалар және уақытша әкімшіліктің қызметіне байланысты жүзеге асырылған іс-шаралар туралы.

Түсіндірме жазбада есептілікте келтірілген баптар жіктелімі олардың мағынасына түсіндірме беретін ақпаратпен толықтырылады. Есепті кезеңде болған өзгерістер жиынтық шамалар сипаттала отырып әрбір бабы бойынша ашып көрсетілуге тиіс.

Уақытша әкімшілік Ұлттық Банктің сұратуы бойынша есептердің жекелеген нысандарын және белгілі бір күнгі жағдай бойынша қосымша мәліметтерді, сондай-ақ өзге де құжаттарды ұсынады.

5. Уақытша әкімшіліктің орындалған жұмыс туралы есебінде мыналар қамтылады:

1) уақытша әкімшіліктің тағайындалуы және құрамы туралы мәліметтер;

2) уақытша әкімшілік жүргізген бірінші кезектегі іс-шаралар;

3) сақтандыру портфелін беру туралы мәліметтер немесе банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру операциясын жүргізу туралы мәліметтер;

4) активтер мен міндеттемелердің өзгеруі туралы;

5) бекітілген шығыстар сметасына сәйкес артық шығындардың және үнемдеудің болуы туралы ақпаратты көрсете отырып, уақытша әкімшіліктің шығыстары туралы мәліметтер;

6) уақытша әкімшіліктің сот процестеріне қатысуы туралы;

7) түгендеу және мүлік пен құжаттарды уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясына қабылдау-өткізу нәтижелері;

8) уақытша әкімшілік өз қызметі барысында жүзеге асырған өзге де іс-шаралар туралы.

Күн сайынғы, ай сайынғы есепті қарау нәтижелері бойынша Ұлттық Банк оны назарға алады, ал анықталған ескертулер болған жағдайда оларды жою туралы хат жібереді.

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің орындалған жұмыс туралы есебі 15 жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкпен бекітілуге тиіс.

Ұйымның уақытша әкімшілігі орындалған жұмыс туралы бекітілген есептің көшірмесін тарату комиссиясына мәлімет ретінде береді.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы Ереженің 17-тармағының 52) тармақшасына сәйкес әзірленген.
3. Есепті уақытша әкімшілік ол тағайындалған күннен бастап бірінші айда ғана бере алады.
4. Есептілікті жасау кезінде қолданылатын өлшем бірлігі теңгемен, шетел валютасының бірліктерімен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге және одан жоғарыға тең сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.
5. Нысанға уақытша әкімшіліктің басшысы, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## 2. Есептің нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

6. Күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегере отырып, реттік нөмірі 9-шы баған бойынша және реттік нөмірі 12-ші баған бойынша жиынтық сома бухгалтерлік баланстың «Орналастырылған салымдар» бабына сәйкес келуі тиіс.

7. Реттік нөмірі 4-шы бағанда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасының 2008 жылғы 26 мамырдағы «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) № 77 қаулысына сәйкес «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - қор биржасы) ресми тізіміндегі «акциялар» секторында екінші деңгейдегі банктің акцияларының санаты көрсетіледі.

8. Реттік нөмірі 6-шы бағанда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» № 131 қаулысының 35-тармағына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 тіркелген) сәйкес Ұлттық Банк танып отырған агенттіктердің рейтингтік бағасы көрсетіледі.

9. Реттік нөмірі 14-шы бағанда егер салым бойынша ауыртпалық бар болса, онда ауыртпалық бар сома мың теңгемен және ауыртпалық негіздемесі көрсетіледі, және (немесе) егер екінші деңгейдегі банк сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғасы болып табылса, «иә» сөзі жазылады.

Нысан

**«Қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары туралы есеп»**

**Есепті кезең: \_\_. \_\_. \_\_ ж.**

Нысан индексі: Ф13-ВА

Ақпарат жинау кезеңділігі: уақытша әкімшілігін тағайындаған күннен бастап бірінші ай үшін

Ақпарат ұсынағын тұлғалар тобы: банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдардың уақытша әкімшіліктері

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Нысанды ұсыну мерзімі: уақытша әкімшіліктің филиалдары болмаған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың алтыншы күннен кешіктірмей, филиалдары болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың сегізінші күннен кешіктірмей.

№ p/c	Эмитенттің атауы	Эмитенттің атауы	Бағалы қағаздар түрі	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі, халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (дана)	Бағалы қағаздардың номиналдық құны	Номинал валютасы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары						
1.1							
2	Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары						
2.1	Екінші деңгейдегі банктер						

2.1.1									
2.2	Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда заңды тұлғалар								
2.2.1									
2.3	«Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамының облигациялары								
2.3.1									
3	Шетел мемлекеттердің бағалы қағаздары								
3.1									
4	Қазақстан Республикасының эмитенттері - резиденттері еместерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары								
4.1									
5	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары								
5.1									
6	Инвестициялық қорлардың пайлары								
6.1									
7	Басқалар								
7.1									

8	Барлығы	Баланстық құны (нетто) (мың теңге)		Күмәнді борыштар бойынша резерв (мың теңге)	Бағалы қағаздардың жиынтық сатып алынатын құны (мың теңге)	Сатып алу сәтінен бастап құнның өзгеруі (9-баған + 11-баған + 13-баған) - 16-баған)	Эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (%)						
		Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар	Өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздары					Өтеуге дейін ұсталынатын бағалы қағаздар	Күмәнді борыштар бойынша резерв (мың теңге)				
9	10	Оның ішінде есептелген сыйақы сомасы	барлығы	Оның ішінде есептелген сыйақы сомасы	барлығы	11	12	13	14	15	16	17	18

кестенің жалғасы

Акциялар эмитентінің «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабы1- тармағы талаптарына сәйкестігі	Күні		Бағалы қағаздың санаты	Қаржылық сенімділігінің рейтингі	Рейтингілік агенттігінің атауы	Ескерту
	Сатып алу	Өтеу				
19	20	21	22	23	24	25

Уақытша әкімшілік басшысы \_\_\_\_\_  
 Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
 Орындаушы \_\_\_\_\_  
 Телефон \_\_\_\_\_  
 Мөр орны \_\_\_\_\_



## Әкімшілік деректер жинауға арналған «Қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің жай-күйі туралы есеп» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 17-тармағының 52) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Уақытша әкімшілігі ол тағайындалған күннен бастап есепті бірінші ай үшін ғана береді.

4. Есептілік жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға уақытша әкімшілік басшысы, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

### 2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме

6. Реттік нөмірі 9, 11 және 13-бағаналары бойынша жиынтық сомасы күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде «Өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздары» бухгалтерлік балансы бабының сомасына сәйкес болу тиіс «Қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары туралы есеп».

7. Реттік нөмірі 4-бағанда бағалы қағаздарының түрі көрсетіледі.

Мысалы:

Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша: МЕККАМ, МЕОКАМ, МЕУКАМ, МОИКАМ, МУИКАМ, МЕУЖКАМ, еуроноттар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ноттары;

мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша: акциялар, облигациялар, ипотекалық облигациялар, депозитарлық қолхаттар.

8. Реттік нөмірі 8-бағанада бағалы қағаз номиналы валютасының коды (мысалы: KZT, USD).

9. Реттік нөмірі 10, 12 және 14-бағаналарда есепті кезең аяғында бағалы қағаз бойынша есептелген сыйақының жалпы сомасы көрсетіледі.

10. Реттік нөмірі 16-бағанада тікелей сатып алуға байланысты шығындар қосылатын, сатып алушы сатушыға төлеген пайыз (осындай ақы болған кезде) шамасына азайған бағалы қағаздың жиынтық сатып алу құны, оның ішінде агенттерге, консультанттарға, брокер-дилерлерге төленген сыйақылар мен комиссиялық төлемдер, қор биржаларының алымдары, сондай-ақ қаражат аудару бойынша банктік қызметтер көрсетіледі.

11. Реттік нөмірі 17-бағанада баланстық құны және бағалы қағаздың жиынтық сатып алу құнының арасындағы айырмашылығы көрсетіледі.

12. Реттік нөмірі 18-бағанада эмитенттің жарғылық капиталында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қатысу үлесі көрсетіледі: эмитенттің орналастырылған акциялардың жалпы санына акциялардың санына арақатынасы.

13. Реттік нөмірі 19-бағанада акциялар эмитенті сәйкес келетін Сақтандыру қызметі туралы заңының 48-бабының 1-тармағына сәйкес ақпарат көрсетіледі.

14. Реттік нөмірі 22-бағанада Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) сәйкес қор биржасының ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздың санаты көрсетіледі.

15. Реттік нөмірі 23-бағанада Агенттік Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем

кабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 тіркелген) 35-тармағына сәйкес Ұлттық Банкі танылатын агенттіктердің рейтингілік бағасы көрсетіледі.

16. Реттік нөмірі 25-бағанада егер бағалы қағаздар бойынша ауыртпалығы бар болса (бағалы қағаз кепіл шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылады, «РЕПО» мәміленің объектісі болып табылады), онда ауыртпалық сомасы мың теңгеде және ауыртпалық негіздемесі көрсетіледі және (немесе) егер бағалы қағаздың эмитенті сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғасы, заңды тұлға болып табылса «иә» деген сөзі жазылады.

Нысан

«Қаржы ұйымының уақытша әкімшілігі жалаға берілетін мүлігі туралы есеп»

Есепті кезең: \_\_\_\_ж. \_\_\_\_ж.

Нысан индексі: Ф14-ВА

Ақпарат жинау кезеңі: ай сайын

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдардың уақытша әкімшіліктері

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Нысанды ұсыну мерзімі: уақытша әкімшіліктің филиалдары болмаған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың алтыншы күннен кешіктірмей, филиалдары болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың сегізінші күннен кешіктірмей.

мың теңге

№ р/с	Жалға берілетін мүліктің атауы	Жалға берілетін мүліктің берілген уақыты	Жалға берілген мүліктің берілген уақыты	Жалға берілген мүліктің берілген уақыты	Жалдау шарты				Жалға беру төлемдері бойынша көрсеткіштер	Ескерту			
					Шарт жасау мерзімі	Қолданылу мерзімі	Ай сайынғы жал дау ақысының мөлшері	Мүлікті күту бойынша шығындарды көтере тін тарабы туралы мәліметтер			Мүлікті күту бойынша ай сайынғы шығындар	Мүлік бойынша сандық көрсеткіштер	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Жылжымайтын мүлік												
	Жиынтығы												
2	Жылжымалы мүлік												



*Күші жойылған нормативтік құқықтық актілердің  
тізбесі*

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) есеп пен өзге ақпаратты беруіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 98 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3581 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) есеп пен өзге ақпаратты беруіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 98 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2006 жылғы 25 наурыздағы № 78 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4208 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) есеп пен өзге ақпаратты беруіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 98 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 27 тамыздағы № 220 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4950 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) есеп пен өзге ақпаратты беруіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы № 98 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 27 ақпандағы № 23 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5608 тіркелген).

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 150

*Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы*

Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша, өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 16 шілдедегі  
№ 150 қаулысымен  
бекітілген

*Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша, өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1199 тіркелген) мынадай өзгеріс мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесінде:

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1. Банк шоттарын ашудан бас тарту Салық кодексінде, Төлемдер туралы заңда, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша, сондай-ақ

осы Ережеде көзделген құжаттар және (немесе) мәліметтер ұсынылмаған не клиент пен банк арасында мәміле жасалмаған жағдайларда жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 11-3-тармақпен толықтырылсын:

«11-3. Жеке тұлға клиентке банк шотын ашу кезінде банк жеке тұлға клиентке осындай клиент ұсынған мәліметтер негізінде салық резиденттігін белгілейді.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олардың бағалы қағаздар ұстаушысының жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпаратты ашу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 61 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді



мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4138 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олардың бағалы қағаздар ұстаушысының жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпаратты ашу ережесінде:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олардың бағалы қағаздар ұстаушысының жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпаратты ашу ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі, «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының (бұдан әрі - номиналды ұстаушы) бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олардың бағалы қағаздар ұстаушысының жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпаратты ашу талаптары мен тәртібін белгілейді.»;

1-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қаржы ұйымы - инвестициялық портфельді басқарушы банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйым.»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Жеке тұлға клиентке жеке шот (қосалқы шот) ашу кезінде номиналды ұстаушы жеке тұлға клиентке осындай жеке тұлға клиент ұсынған мәліметтер негізінде салық резиденттігін белгілейді.»;

21-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) клиент мәмілені тіркеу үшін белгіленген мерзімде ірі қатысушы мәртебесін иелену үшін уәкілетті органның келісімін растайтын құжатты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда ұсынбаса.»;

23-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) клиенттердің жеке шоттарынан екінші деңгейдегі банктердің оларға тиесілі, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 16-бабының 6-тармағына сәйкес мәжбүрлеп сатып алуға жататын акцияларын есептен шығару және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы № 113 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3576 тіркелген) бекітілген Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды инвесторларға міндетті түрде сату ережесінің 6-тармағында белгіленген тәртіпте қабылданған уәкілетті органның шешімі негізінде тіркелетін осы акцияларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шотына есепке жазу бойынша операциялар.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер мәміле тараптарының біріне оны жасау үшін уәкілетті органның рұқсаты (келісімі) талап етілсе, номиналды ұстаушы осындай келісімнің бар екенін растайтын құжатты сұратады. Уәкілетті органның талап етілген рұқсаты (келісімі) болмаған жағдайда номиналды ұстаушы мәмілені тіркеуден бас тартады.»;

28-1-тармағының бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«28-1. Банктер туралы заңның 47-1-бабының 3-тармағында, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Сақтандыру қызметі туралы заң) 53-1-бабының 3-тармағында, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 72-3-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарының акцияларын сенімгерлікпен басқаруды белгіленген кезде номиналды ұстаушы номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде қаржы ұйымының акцияларының меншік иесі болып табылатын бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотына сенімгерлікпен басқарушы туралы жазбаны енгізу бойынша операцияны уәкілетті органның қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы шешімінің және сенімгерлік басқарушының осы бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотына сенімгерлік басқарушы туралы жазба енгізу жөніндегі бұйрығының негізінде жүргізеді.

Қаржы ұйымының сенімгерлік басқаруға берілген акциялары сатылған жағдайда номинал-

ды ұстаушы оның меншік иесі болып табылатын бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан осы акцияларды есептен шығару бойынша және осы акцияларды сатып алушының жеке шотына (жеке шоттарына) есепке алу бойынша операцияларды сенімгерлік басқарушының бұйрығы және Банктер туралы заңның 17-1-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабында және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-1-бабында көзделген жағдайларда, уәкілетті органның қаржы ұйымының (банктік не сақтандыру холдингінің) ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімін растайтын құжаты негізінде жүргізеді.»;

38-тармағының бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, жеке шоттарында меншік иесіне тиесілі бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) есепке алынатын номиналды ұстаушы уәкілетті органнан, орталық депозитарийден, тіркеушіден немесе эмитенттен сұрату алған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде сұратқан тұлғаға тиісті мәліметтерді береді.».

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыруына қойылатын талаптарды, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастары жөніндегі талаптарды және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруына өкілеттіктерін бекіту туралы» 2010 жылғы 1 наурыздағы № 25 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6164 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 30 қазанда № 450-451 (26294) жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыруына қойылатын талаптарда, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастары жөніндегі талаптарда және сақтандыру агентінің делдалдық қызметті жүзеге асыруына өкілеттіктерінде:

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Сақтандыру ұйымы жеке тұлға клиентпен жинақтаушы сақтандыру шартын жасаған кезде осындай клиент ұсынған мәліметтер негізінде жеке тұлға клиенттің салық резиденттігін белгілейді.».

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 26 шілдедегі № 184 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8692 тіркелген, 2013 жылғы 17 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 233 (28172) жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

«14-1. Кастодиан жеке тұлға клиентпен кастодиандық шартты жасаған кезде осындай клиент ұсынған мәліметтер негізінде жеке тұлға клиенттің салық резиденттігін белгілейді.».

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9249 тіркелген, 2014 жылғы 16 сәуірде «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 18 сәуірде «Заң газеті» газетінде № 56 (2450) жарияланған) мынадай өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Брокердің және (немесе) дилердің Қағидалардың 9-тармағында белгіленген критерийлерге сәйкес келмеу фактісі басталған кезде нарығында брокер және (немесе) дилер сәйкес келмеу анықталған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға осы факт туралы хабарлама жібереді.»;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Брокер және (немесе) дилер жеке тұлға клиентпен брокерлік шартты жасасқан кезде осындай клиент ұсынған мәліметтердің негізінде жеке тұлға клиенттің салық резиденттігін белгілейді.».

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы

3 ақпандағы № 10 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9248 тіркелген, 2014 жылғы 16 сәуірде «Әділет» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 16 сәуірде «Заң газеті» газетінде № 54 (2448) жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару

жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында: мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

«11-1. Инвестициялық портфельді басқарушы жеке тұлға клиентпен шартты жасасқан кезде осындай жеке тұлға клиент ұсынған мәліметтердің негізінде жеке тұлға клиенттің салық резиденттігін белгілейді.».

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2014 жылғы 16 шілде

№ 151

*Актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларын бекіту туралы*

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

-

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 16 шілдедегі  
№ 151 қаулысымен  
бекітілген

*Актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидалары*

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі

- Заң) сәйкес әзірленді және актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия (бұдан әрі - Лицензия) беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - уәкілетті орган) жіберу тәртібін, сондай-ақ тізбе мен халықаралық актуарийлер қауымдастығына қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Актуарлық қызмет актуарлық қызметті жүзеге асырудың халықаралық қағидаттары (стандарттары) ескеріле отырып, Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Уәкілетті орган берген Лицензиясы бар жеке тұлға актуарий ретінде қызмет етеді.

## 2. Актуарлық қызмет

4. Актуарлық қызметтің міндеті сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерін экономикалық-математикалық есептеуді жүзеге асыру болып табылады.

5. Актуарлық қызметке:

1) сақтандыру резервтерін қалыптастыру әдістері мен көздері жөнінде консультациялар және ұсынымдар;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігін бағалауға байланысты мәселелер;

3) сақтандыру тарифтерін есептеу методологиясын және экономикалық негіздеуді әзірлеу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында қабылданған сақтандыруды жіктеуге сәйкес сақтандыру тәуекелдерін зерттеу және жүйелеу;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің сақтандыру қағидаларында айқындаған сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын экономикалық негіздеуді бағалау;

6) сақтанушыларға жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша берілетін қарыздар мөлшерін айқындау;

7) актуарлық есептеулер мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету кіреді.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуі үшін актуарий есептеген көлемде қалыптастырылған сақтандыру резервтері болады.

7. Актуарлық есептеулер мынадай негіздер бойынша жүргізіледі:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бастамасы бойынша - бастамалық актуарлық есептеулер;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда - міндетті актуарлық есептеулер.

Міндетті актуарлық есептеулер Заңның талаптары ескеріле отырып, бірінші жарты жылдық үшін есепті жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша жүзеге асырылады және есепті жылдың 15 тамызына дейінгі мерзімде уәкілетті органға беріледі, сондай-ақ есепті жыл үшін 1 қаңтардағы жағдай бойынша жасалып, есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде уәкілетті органға беріледі.

8. Актуарлық есептеулер мынадай болып бөлінеді:

1) бастамалық - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бастамасы бойынша жүзеге асырылатын;

2) сақтандыру саласына (сыныбына) жатқызылуына байланысты және қайта сақтандыру бойынша - «өмірді сақтандыру» саласы немесе «жалпы сақтандыру» саласы бойынша, қайта сақтандыру немесе Заңмен белгіленген жіктеуге сәйкес сыныптар бойынша жүзеге асырылатын;

3) жасалу мақсаты бойынша:

есепті - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есепті кезең ішінде жасаған және есепті кезең соңына қолданыста болатын сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша есепті күнге жүзеге асырылатын;

жоспарлы - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қағидаларына сәйкес тәжірибесіне сақтандырудың жаңа сыныбы бойынша сақтандыруды және қайта сақтандыруды енгізу кезінде;

кейінгі - бұрын жүргізілген актуарлық есептеулерді түзету мақсатында;

4) қолданылу ауқымы бойынша:

жалпы - Қазақстан Республикасының барлық аумағында, сондай-ақ одан тысқары жерлерде пайдалануға есептелген;

аймақтық - Қазақстан Республикасының жекелеген облыстары мен аймақтары үшін жасалған;

жеке - жекелеген сақтанушының немесе сақтанушылар тобының (заңды және (немесе) жеке тұлғалар) деректері бойынша орындалған.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің мөлшерін актуарлық бағалау толық болу және объективтілік қағидаттарына негізделеді және Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес актуарий қорытындысы түрінде ресімделеді.

Актуарий міндетті немесе бастамалық актуарлық есептеулер шегінде жүргізілген сақтандыру резервтерінің талап етілетін мөлшерін бағалауға байланысты жасаған актуарий



қорытындысы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін орындалуға міндетті болып табылады.

10. Актуарий толық және объективті актуарий қорытындысын жасау үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған құжаттарды (деректерді) және өзі қосымша сұратқан негізгі сақтандыру қызметіне қатысты мәліметтерді пайдаланады.

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметіне актуарлық бағалау жүргізу нәтижелері бойынша жасалған актуарий қорытындысында мыналар қоса беріледі:

электрондық тасымалдағыштағы қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және қайта сақтандыруға берілген шарттарды есепке алу журналының көшірмесі;

электрондық тасымалдағыштағы есепті кезеңдегі реттелмеген шығындарды есепке алу журналының көшірмесі;

актуарийдің қарауы бойынша өзге де материалдар.

12. Актуарий қорытындысы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес кемінде үш дана етіп жасалады және оған актуарийдің өзі қол қояды.

Актуарий қорытындысының бір данасы актуарийде сақталады, бір данасы уәкілетті органға ұсынылады (актуарий қорытындысы міндетті болған жағдайда), актуарий қорытындысының қалған даналары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына беріледі.

13. Актуарий сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі мен қаржылық орнықтылығының қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерін, сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлемелерін экономикалық-математикалық есептеуді жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асырады, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жүргізілетін және жүргізу жоспарланатын сақтандыру түрлерінің пайдалылығы мен кірістілігін бағалауды жүргізеді.

Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген қызметті жүзеге асыру үшін актуарий:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық есептілігімен және актуарлық есептеулерді жүзеге асыру, актуарий қорытындыларын жасау үшін пайдалану (зерделеу) қажет болатын өзге де құжаттарымен танысады;

мемлекеттік органдарға және ұйымдарға

актуарлық есептеулерді жүзеге асыру және актуарий қорытындыларын жасау үшін қажет мәселелер бойынша мәліметтер мен құжаттар беру туралы сұратумен өтініш жасайды;

шарттар (келісімдер) жасайды және басқа актуарийлерге немесе мамандарға өзі жасайтын актуарий қорытындысы шеңберінде жекелеген мәселелерді зерттеу мен талдауды тапсырады;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына өзінің актуарлық есептеулерді жүзеге асыру шартын жасауына, актуарий қорытындыларын жасауына және (немесе) Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көзделген өзге де қызметтерді көрсетуіне негіз болып табылатын құжаттарды ұсынады;

актуарлық есептеулер нәтижелерін, пайдаланылған әдістемелер мен актуарлық жорамалдар сипаттамаларын, тиісті негізделген деректерді және өзге де қолда бар материалдарды қоса бере отырып, актуарий қорытындысын және басқа да құжаттарды жасайды;

өзі жасайтын шарттарды, жүзеге асырылатын актуарлық есептеулерді және жасалатын актуарий қорытындыларын уақтылы және толық есепке алуды жүргізеді;

уәкілетті органды өзі анықтаған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі талаптарды сақтамау фактілері туралы дереу жазбаша нысанда хабардар етеді;

уәкілетті органға әрбір жарты жылдық қорытындылары бойынша жасалған актуарий қорытындыларының саны мен түрлері (өзге де қызмет түрлері), олар бойынша шағымдардың болуы туралы ақпарат ұсынады;

актуарлық қызметке байланысты барлық құжаттарды кемінде бес жыл сақтайды;

сақтандыру құпиясын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтайды.

14. Сақтандыру салалары (сыныптары) бойынша сақтандыру резервтерінің актуарлық есептеулерін жүзеге асырудың жалпы әдіснамасы мен әдістемесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9529 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 6 мамырдағы № 76 қаулысымен бекітілген Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес айқындалады.

### 3. Тәуелсіз актуарийдің қызметі

15. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін тексеруге тәуелсіз актуарийді тартады.

16. Тәуелсіз актуарий мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) тексерілетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкері болып табылмайды;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметін жүзеге асыратын сақтандыру саласында кемінде екі жыл актуарлық қызмет тәжірибесі бар;

3) уәкілетті органның Лицензиясы бар немесе халықаралық актуарийлер қауымдастығының мүшесі болып табылады.

17. Егер:

1) тәуелсіз актуарий тексерілетін актуарийдің үлестес тұлғасы болса;

2) тексеру аяқталған күннен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде тәуелсіз актуарийдің қызметін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында болған актуарий тәуелсіз актуарий ретінде тексерген болса, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметіне тәуелсіз актуарийдің тексеру жүргізуіне жол берілмейді.

18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін тексеруді бір тәуелсіз актуарийде қатарынан бес жылдан астам емес жүргізеді.

19. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы тәуелсіз актуарийді міндетті не бастамалық тексерулер үшін тартады.

Тәуелсіз актуарий Қағидалардың 10-тармағына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан алған құжаттар мен мәліметтер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға ұсынған құжаттармен және мәліметтермен салыстырылып тексеріледі.

20. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін міндетті тексеру есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша күнтізбелік жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін міндетті тексеру Қағидалардың 8-тармағында көзделген актуарлық есептеулердің жүзеге асырылуын, сондай-ақ Қағидалардың 9-тармағында көзделген актуарий қорытындысының дұрыс жасалуын тексеруді қамтиды.

21. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін бастамалық тексеру сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен тәуелсіз актуарий арасында жасалған тексеру жүргізу шартында көзделген тексерудің нақты міндеттері, мерзімдері және көлемі ескеріле отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің, директорлар кеңесінің және (немесе) басқармасының бастамасы бойынша жүргізіледі.

22. Тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін тексеру, оның ішінде актуарлық есептердің дәйектілігін тексеру нәтижелері Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес актуарлық қорытынды нысанында ресімделеді.

Тәуелсіз актуарийдің актуарлық қорытындысы тексерілетін актуарийдің қызметі жөніндегі тәуелсіз актуарийдің пікірін қамтиды.

23. Тәуелсіз актуарийдің актуарлық қорытындысы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес кемінде үш данада ресімделеді және оған тәуелсіз актуарий қол қояды.

24. Тәуелсіз актуарийдің бастамашылық тексеру бойынша актуарлық қорытындысының бір данасын тәуелсіз актуарий тексеру аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органға береді.

Тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қызметін міндетті тексеру бойынша актуарлық қорытындысын тәуелсіз актуарий тексеру аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей уәкілетті органға береді. Тәуелсіз актуарийдің актуарлық қорытындысы Қағидалардың 55-тармағының 1), 2), 4), 5), 6) тармақшаларында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, ұсынылады.

Актуарлық қорытындының бір данасы тәуелсіз актуарийде сақталады, ал қалған даналары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қарауына беріледі.

Уәкілетті мемлекеттік органға бір сақтандыру ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметін тексеру нәтижелері бойынша біреуден көп тәуелсіз актуарлық қорытынды ұсынылған жағдайда, уәкілетті орган неғұрлым консервативтік есебі бар актуарлық қорытындыны қабылдайды.

25. Қағидалардың мақсатында тәуелсіз актуарийлер мүшелері болатын халықаралық актуарийлер қауымдастықтары (бұдан әрі - қауымдастық) мыналар болып табылады:



1) Халықаралық актуарлық қауымдастық (International actuarial association);

2) Консультатив Тобы (Groupe Consultatif).

26. Тәуелсіз актуарий мүшесі болып табылатын қауымдастық мына талаптарға сәйкес келеді:

1) білім беру-біліктілік жүйесінің болуы;

2) қауымдастық мүшелерінің білім беру-біліктілік жүйесіне сәйкес келуі бойынша талаптардың не оны тану бойынша ереженің болуы;

3) актуарийлер қызметі мәселелері бойынша құжаттардың болуы (актуарийлер қызметінің және актуарлық есептерді жүзеге асырудың стандарттары, кәсіптік әдеп кодексі).

#### 4. Лицензия беру тәртібі

27. Лицензия алу үшін уәкілетті органға:

1) жоғары білімі бар және актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы бойынша оқудан өткен;

2) актуарий мәртебесіне ие және Халықаралық актуарлық қауымдастықтың толық мүшесі мәртебесіне ие актуарийлер қауымдастығының мүшесі (толық мүшесі) болып табылатын;

3) Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасына қатысты әрбір курсы бойынша 80%-дан кем емес рейтингісі бар «Актуарий» мамандығы бойынша іскерлік басқару магистрінің дипломы бар немесе «Актуарий» мамандығының «Қаржы» мамандығы бойынша экономика және бизнес магистрінің дипломы бар;

4) Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасына қатысты әрбір курсы бойынша 80%-дан кем рейтингісі бар «Актуарий» мамандығы бойынша іскерлік басқару магистрінің, «Актуарий» мамандығының «Қаржы» мамандығы бойынша экономика және бизнес магистрінің дипломы бар, бірақ Қағидалардың 3-қосымшасында көзделген актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасын орындауды қамтамасыз ететін ұйымда осы курсты сәтті тапсырған жеке тұлға өтініш береді.

28. Лицензия алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші) уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Лицензия беру туралы өтініш;

2) Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Лицензия алуға өтініш беруші туралы мәлімет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) жоғары білім туралы дипломның нотариат куәландырған көшірмесі;

5) лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) Лицензия алуға өтініш берушінің Қағидалардың 3-қосымшасында көзделген тақырыптар тізбесін қамтитын актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы бойынша оқудан өткенін және емтихандарды сәтті тапсырғанын растайтын құжаттардың көшірмелері (Қағидалардың 27-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін);

7) актуарийдің мәртебесін, актуарийлер қауымдастығындағы мүшелігін (толық мүшелігін) және осы қауымдастықтың Халықаралық актуарлық қауымдастықтың толық мүшесі ретінде мәртебесін растайтын құжаттардың көшірмелері (Қағидалардың 27-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін);

8) тиісті актуарийлер қауымдастығының ұсыным хаты (Қағидалардың 27-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін);

9) дипломның қосымшасын ұсына отырып, актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасына қатысты әрбір курсы бойынша 80%-дан кем емес рейтингісі бар «Актуарий» мамандығы бойынша іскерлік басқару магистрі дипломының немесе «Қаржы» мамандығы бойынша «Актуарий» мамандығының экономика және бизнес магистрі дипломының көшірмесі (Қағидалардың 27-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін).

Актуарийлерді Қазақстан Республикасында оқытуды Қағидалардың 3-қосымшасында көзделген актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасын орындауды қамтамасыз ететін ұйымдар жүзеге асырады.

29. Лицензиясы бар актуарий уәкілетті органға растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Қағидалардың 28 тармағының 2), 3), б) тармақшаларында көрсетілген құжаттардағы өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлайды.

30. Егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмеген болса, шетелдік ұйымдардан шығатын құжаттар нотариат куәландыра отырып мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аударылуы және Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерімен заңдастырылуы тиіс.

31. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы

зандарын білуіне компьютерлік тестілеуден өткеннен кейін оған лицензия беріледі.

Актуарий Лицензия алғаннан кейін актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензияны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға оның актуарийлер бірлестігіндегі мүшелігін растайтын құжатты ұсынады.

Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарын білуіне компьютерлік тестілеуді уәкілетті орган 30 сұрақ бойынша 30 минут ішінде жүзеге асырады. Тест сұрақтары жауаптардың кемінде үш нұсқасынан тұрады және олардың біреуі дұрыс болады.

Компьютерлік тестілеу сұрақтарын уәкілетті орган бекітеді.

32. Уәкілетті органның жауапты бөлімшесі өтініш берушіні компьютерлік тестілеудің өткізілетін күні туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Дәлелді себептермен белгіленген мерзімде компьютерлік тестілеуден өтуге келмеген жағдайда өтініш беруші уәкілетті мемлекеттік органға келмей қалған себептерін және компьютерлік тестілеуден өтуге болатын күнді көрсете отырып бұл жөнінде хабардар етеді.

33. Компьютерлік тестілеу кезінде тестіленетін адаммен бірге бір бөлмеде тек уәкілетті органның жауапты бөлімшесі қызметкерлерінің және қажет болса, аудармашының қатысуына ғана рұқсат етіледі.

Өтініш беруші компьютерлік тестілеуден өткен кезде қандай да бір жазбаша, электрондық немесе басқа да ақпараттық материалдарды пайдалануға рұқсат етілмейді. Қағидалардың осы тармақта аталған талаптарды бұзу компьютерлік тестілеудің теріс қорытындыларына теңестіріледі.

34. Өтініш беруші дұрыс жауаптардың кемінде 70 пайызын алған жағдайда компьютерлік тестілеу нәтижелері оң деп саналады.

Өтініш беруші компьютерлік тестілеуден өткеннен кейін дереу қол қоя отырып компьютерлік тестілеу нәтижелерімен таныстырылуы тиіс.

35. Өтініш беруші компьютерлік тестілеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда ол компьютерлік тестілеу аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның апелляциялық комиссиясына шағымдана алады.

36. Апелляциялық комиссияның құрамы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

37. Апелляциялық комиссия шағымды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны қарайды.

38. Апелляциялық комиссияның отырысын өткізуге арналған кворум апелляциялық комиссияның төрағасын (төрағаның орынбасарын)

қоса алғанда, апелляциялық комиссия мүшелері санының кемінде үштен екісін құрайды.

Апелляциялық комиссияның әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Апелляциялық комиссияның шешімдері апелляциялық комиссияның отырысына қатысып отырған мүшелері санының жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы не ол болмаған жағдайда апелляциялық комиссияның төрағасы орынбасарының дауысы шешуші болып табылады.

39. Апелляциялық комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол екі дана етіп жасалады және оған осы отырысқа қатысқан апелляциялық комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

40. Апелляциялық комиссия отырысының хаттамасын апелляциялық комиссия мүшелерінің арасынан тағайындалатын хатшы жүргізеді.

41. Апелляциялық комиссия шағымды қарау нәтижелері бойынша мына шешімдердің біреуін қабылдайды:

тест нәтижелерін өзгеріссіз, ал шағымды қанағаттандырусыз қалдыру;

өтініш берушінің шағымын қанағаттандыру және оны қайта тестілеуге жіберу.

42. Компьютерлік тестілеу нәтижелері теріс болған жағдайда өтініш беруші алдыңғы компьютерлік тестілеуден өткен күннен бастап бір айдан бұрын емес, бірақ соңғы он екі ай ішінде үш реттен артық емес компьютерлік тестілеуден өтуге арналған құжаттарды қайта береді.

43. Лицензия Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

44. Уәкілетті орган өтініш берушіге Заңның 40-бабының 5-тармағында көзделген негіздер бойынша Лицензия беруден бас тартуды жүзеге асырады.

45. Уәкілетті орган өтініш берушіге бас тарту негіздерін көрсете отырып, лицензия беруден бас тарту туралы хабарлайды.

46. Лицензияны қайта ресімдеу үшін актуарий уәкілетті органға Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

## **5. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және одан айыру**

47. Уәкілетті орган лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру туралы шешімді Заңның 59-бабында көзделген негіздер бойынша қабылдайды.

48. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру

туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады.

49. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру үшін негіз болып табылған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтары жойылғаннан кейін актуарий Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру үшін негіз болып табылған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтары немесе талаптарды жою фактісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімін қайта қарау не Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін оның қолданылуын жаңарту туралы өтініш береді.

50. Уәкілетті орган актуарийдің Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімін қайта қарау немесе жаңарту туралы өтінішін қарайды және актуарийдің өтініш пен Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру үшін негіз болып табылған бұзушылықтарды немесе өзге де талаптарды жойғанын растайтын құжаттарды ұсынған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде тиісті шешім қабылдайды.

51. Уәкілетті орган Заңның 60-бабында көзделген негіздердің біреуі бойынша лицензиядан айыру туралы шешім шығарады.

52. Уәкілетті органның Лицензиядан айыру туралы шешімі осындай шешім актуарийге жіберілген күннен бастап күшіне енеді.

Лицензиядан айыру туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады.

## **6. Біліктілік емтиханы**

53. Актуарий Лицензия берілген күннен бастап әрбір үш жыл сайын актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасына сәйкес актуарийдің қажетті білім деңгейі мен біліктілігінің бар екенін растайтын біліктілік емтиханын тапсырады. Біліктілік емтиханынан өту үшін беретін өтініш Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

Уәкілетті орган актуарийдің біліктілік емтиханынан өту үшін өтініш берген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде біліктілік емтиханын өткізеді.

Біліктілік емтиханы 40 сұрақ бойынша 60 минут ішінде өтеді.

Біліктілік емтиханының тестілеу сұрақтарында жауаптардың кемінде бес нұсқасы болуы және олардың біреуі дұрыс болуы тиіс.

Біліктілік емтиханынан өту рәсімі Қағидалардың 32, 33, 34 және 35-тармақтарына

сәйкес жүзеге асырылады.

Біліктілік емтиханының тестілеу сұрақтарын уәкілетті орган бекітеді.

54. Актуарий Лицензияны алған не алдыңғы біліктілік емтиханынан күннен бастап үш жылдық мерзім аяқталғаннан кейін екі ай ішінде уәкілетті органға Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішпен хабарласады.

Актуарий уәкілетті органға біліктілік емтиханынан өту үшін өтініш бермеген жағдайда актуарий көрсетілген мерзім ішінде біліктілік емтиханын тапсырмаған болып танылады.

55. Актуарийдің біліктілік емтиханынан өту үшін өтінішімен бірге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) Лицензияның көшірмесі;

3) алдыңғы біліктілік емтиханын тапсырғаны туралы мәліметтер (актуарий Лицензияны алғаннан кейін біліктілік емтиханын алғашқы рет тапсырған жағдайды қоспағанда);

4) барлық растайтын құжаттармен қоса (қызмет көрсету шарттарының, актуарлық қорытындылардың көшірмелері) сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыру туралы ақпарат;

5) актуарийдің біліктілік емтиханынан өтуге өтініш берген күндегі тиісті актуарийлер қауымдастығында оның мүшелігін (толық мүшелігін) растайтын құжаттар;

6) ол мүше (толық мүше) болып табылатын тиісті актуарийлер қауымдастығының не уәкілетті органның актуарийдің соңғы екі жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзушылықтарының және санкциялардың жоқ екендігі туралы хаты.

Қағидалардың осы тармағының 5) және 6) тармақшаларының талаптары актуарий мәртебесіне ие және Халықаралық актуарлық қауымдастығының толық мүшесі мәртебесіне ие актуарийлер қауымдастығының мүшесі (толық мүшесі) болып табылатын адамдарға қолданылады.

56. Біліктілік емтиханын өткізу кезінде Лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған актуарий Лицензиясының қолданылуы оның бұрынғы біліктілік емтиханын тапсырмауы нәтижесінде тоқтатыла тұрған жағдайды қоспағанда, біліктілік емтиханынан өтуге жіберілмейді.

57. Актуарийдің біліктілік емтиханы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті

бағдарламасында көзделген тақырыптар бойынша компьютерлік тестілеу арқылы өткізіледі.

58. Актуарий біліктілік емтиханын тапсырады және уәкілетті органға компьютерлік тестілеудің нәтижелерін көрсете отырып, Қағидалардың 28-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген ұйым берген біліктілік емтиханынан өткені туралы куәландыратын құжатты ұсынады.

59. Тест сұрақтарына дұрыс жауаптардың кемінде 60 пайызын алған жағдайда біліктілік емтиханының нәтижелері оң деп саналады.

Актуарий компьютерлік тестілеудің нәтижелерімен танысуына байланысты одан өткеннен кейін дереу қол қояды.

Уәкілетті орган актуарий мәртебесіне ие және Халықаралық актуарлық қауымдастығының толық мүшесі мәртебесіне ие актуарийлер қауымдастығының (қоғамның немесе өзге де бірлестіктің) мүшесі (толық мүшесі) болып табылатын актуарийдің біліктілік емтиханын тапсырғаны немесе тапсырмағаны туралы шешімді олар Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген барлық

құжаттарды берген кезде компьютерлік тестілеуді өткізбей қабылдайды.

60. Актуарий біліктілік емтиханын тапсырмаған кезде ол біліктілік емтиханынан өту үшін бұрынғы біліктілік емтиханынан өткен күннен бастап күнтізбелік 30 күннен ерте емес, бірақ күнтізбелік 45 күннен кешіктірмей құжаттарды қайта ұсынады, бірақ соңғы он екі ай ішінде үш реттен аспайды.

Актуарий көрсетілген мерзім ішінде хабарласпаған жағдайда, актуарий біліктілік емтиханын қайталап тапсырмаған болып танылады.

61. Актуарий біліктілік емтиханын қайтадан (күнтізбелік жыл ішінде қатарынан екі рет) тапсырмаған жағдайда оның Лицензиясының қолданылуы актуарий өзінің біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын құжатты бергенге дейінгі мерзімге тоқтатылады.

62. Актуарий біліктілік емтиханының қорытындысымен келіспеген жағдайда компьютерлік тестілеу аяқталғаннан кейін уәкілетті органға жазбаша шағым береді.

Актуарлық қызметті жүзеге асыру,  
актуарлық қызметті жүзеге асыру  
құқығына лицензия беру,  
актуарийдің біліктілік емтиханын  
тапсыру, актуарийдің қызметін  
тексеру үшін тәуелсіз актуарийді  
тарту, тәуелсіз актуарийдің  
сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының штатында тұрған  
актуарий жүргізген есептеулердің  
шынайылығын тексеру нәтижелерін  
жіберу қағидаларына  
1-қосымша

*Актуарлық қорытынды*

1. Сақтандыру ұйымы туралы деректер:

1) толық атауы \_\_\_\_\_

2) орналасқан жері және банктік деректемелері \_\_\_\_\_

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама

\_\_\_\_\_ (нөмірі және берген күні)

4) Актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (нөмірі және берген күні)

2. Актуарий туралы деректер:

1) тегі, аты, бар болса әкесінің аты \_\_\_\_\_

2) тұрғылықты жері (орналасқан жері) \_\_\_\_\_

3) актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия

\_\_\_\_\_ (нөмірі және берген күні)

3. Актуарлық қорытындының түрі:

1) міндеттілік дәрежесі бойынша \_\_\_\_\_

2) сақтандыру саласы (сыныбы) бойынша \_\_\_\_\_

3) құрастыру мақсаты бойынша \_\_\_\_\_

4) қолдану ауқымы бойынша \_\_\_\_\_

4. Актуарлық есептеулерді дайындау негізі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (шарт, шарттың нөмірі және жасалған күні)

5. Актуарлық зерттеудің мәні (белгіленген міндеттердің тізбесі) \_\_\_\_\_

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған құжаттардың (деректердің) тізбесі \_\_\_\_\_

7. Актуарий қолданған басқа да материалдар мен деректер (олардың көздері және (немесе) алынған орны) \_\_\_\_\_

8. Актуарий қолданған есептеулер әдістемесі \_\_\_\_\_

9. Алынған нәтижелер мен қорытындылар \_\_\_\_\_

10. Ұсыныстар (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

11. Актuarлық қорытындыны дайындау мерзімі және жасау орны \_\_\_\_\_

12. Қолы, күні және дана саны \_\_\_\_\_

Актuarлық қызметті жүзеге асыру,  
актuarлық қызметті жүзеге асыру  
құқығына лицензия беру,  
актuarийдің біліктілік емтиханын  
тапсыру, актuarийдің қызметін  
тексеру үшін тәуелсіз актuarийді  
тарту, тәуелсіз актuarийдің  
сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының штатында тұрған  
актuarий жүргізген есептеулердің  
шынайылығын тексеру нәтижелерін  
жіберу қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

*Тәуелсіз актuarийдің актuarлық қорытындысы*

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы деректер:

1) толық атауы \_\_\_\_\_

2) орналасқан жері және банктік деректемелері \_\_\_\_\_

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама

(нөмірі және берген күні)

4) Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға берілген лицензия \_\_\_\_\_

(нөмірі және берген күні)

2. Тәуелсіз актuarий туралы деректер:

1) тегі, аты, бар болса әкесінің аты \_\_\_\_\_

2) тұрғылықты жері (орналасқан жері) \_\_\_\_\_

3) Актuarлық қызметті жүргізуге берілген лицензия \_\_\_\_\_

(нөмірі және берген күні)

3. Тексеру түрі (міндетті, бастама бойынша) \_\_\_\_\_

4. Актuarлық есептеулерді дайындау негізі \_\_\_\_\_

(шарт, шарттың нөмірі және жасалған күні)

5. Актuarлық зерттеудің мәні (белгіленген міндеттердің тізбесі) \_\_\_\_\_

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған құжаттардың (деректердің) тізбесі \_\_\_\_\_



7. Тәуелсіз актуарий қолданған басқа да материалдар мен деректер  
(олардың көздері және (немесе) алынған орны) \_\_\_\_\_

8. Тәуелсіз актуарий қолданған есептеулер әдістемесі \_\_\_\_\_

9. Алынған нәтижелер мен қорытындылар \_\_\_\_\_

10. Ұсыныстар (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

11. Актуарлық қорытындыны дайындау мерзімі және жасау орны \_\_\_\_\_

12. Қолы, күні және дана саны \_\_\_\_\_

Актуарлық қызметті жүзеге асыру,  
актуарлық қызметті жүзеге асыру  
құқығына лицензия беру,  
актуарийдің біліктілік емтиханын  
тапсыру, актуарийдің қызметін  
тексеру үшін тәуелсіз актуарийді  
тарту, тәуелсіз актуарийдің  
сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының штатында тұрған  
актуарий жүргізген есептеулердің  
шынайылығын тексеру нәтижелерін  
жіберу қағидаларына  
3-қосымша

Нысан

*Актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті  
бағдарламасы*

Актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы алты курстан тұрады, олардың әрқайсысы бойынша жеке біліктілік емтиханы өткізіледі.

Алғашқы екі курсы негізгі және 2001 жылғы 1 маусымнан бастап міндетті, ал кейінгі төртеуі - арнайы және: үшінші және төртінші курстар - 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап, бесінші және алтыншы курстар - 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті болып табылады.

Курстардың тақырыптары және курстардың мазмұнына енгізілген бөлімдердің ең төменгі тізбесі мыналардан тұрады.

1-курс. Пайыздық мөлшерлемелер және өмірді сақтандыруда кездейсоқ процестер теориясы:

- 1) жай және күрделі пайыздар негіздері;
- 2) аннуитеттерді құру қағидағтары;
- 3) қарыздар және оларды өтеу кестелері;
- 4) борыштық бағалы қағаздар;
- 5) өмір сүру ұзақтылығы кестелері;
- 6) өмірді сақтандыру бойынша аннуитеттер;
- 7) бірнеше адамның өмірін сақтандыру теориясы;
- 8) зейнетақылар.

2-курс. Актуарлық қағидағтар және олардың қосымшалары:

- 1) бір адамның өмірін және денсаулығын сақтандыру;



- 2) өмірді және денсаулықты топтап сақтандыру;
- 3) мүгедектікті сақтандыру;
- 4) жалпы сақтандыру;
- 5) қайта сақтандыру;
- 6) зейнетақы;
- 7) әлеуметтік сақтандыру;
- 8) инвестициялар.

3-курс. Жалпы сақтандыру және қайта сақтандыру:

- 1) жалпы сақтандыру қағидаттары;
- 2) сақтандыру өнімдерін жасау;
- 3) андеррайтинг;
- 4) сақтандырудағы баға белгілеу;
- 5) сақтандыру резервтері;
- 6) пайда функциялары;
- 7) дәйектілік теориясы;
- 8) қайта сақтандыру және оның түрлері.

4-курс. Өмірді және денсаулықты сақтандыру:

- 1) бір адамның өмірін сақтандыру;
- 2) сақтандыру өнімдерін және андеррайтингті құру;
- 3) баға белгілеу: сақтандыру сыйлықақыларын есептеудің әртүрлі әдістері;
- 4) сақтандыру резервтерін қалыптастыру әдістері;
- 5) медициналық сақтандыру;
- 6) баға белгілеу және медициналық сақтандыруда сақтандыру резервтерін қалыптастыру;
- 7) өмірді және денсаулықты топтап сақтандыру;
- 8) шағымдар бойынша шығыстарды бағалау және сақтандыру сыйлықақыларын есептеу;
- 9) өмірді және денсаулықты топтап сақтандыру кезіндегі сақтандыру резервтері.

5-курс. Зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру:

- 1) жинақталған зейнетақы қаражатының қағидаттары;
- 2) зейнетақы бағдарламалары: мемлекеттік және жеке;
- 3) жарналары және төлемдері белгіленген зейнетақы жоспарлары;
- 4) төлемдері белгіленген зейнетақы жоспарларының түрлері;
- 5) төлемдері белгіленген зейнетақы жоспарларын қаржыландыру;
- 6) жарналары белгіленген зейнетақы жоспарларының түрлері;
- 7) жарналары белгіленген зейнетақы жоспарлары бойынша төлемдер;
- 8) жарналары мен төлемдері белгіленген зейнетақы жоспарларындағы тәуекелдерді бағалау;
- 9) әлеуметтік сақтандыру қағидаттары;
- 10) әлеуметтік сақтандыру жүйелерінің түрлері;
- 11) әлеуметтік сақтандыруды қаржыландыру әдістері;
- 12) басымдықтарды салыстырмалы талдау және әлеуметтік сақтандыруды қаржыландырудың әртүрлі әдістерінің құнын бағалау.

6-курс. Сақтандыру ұйымдары және зейнетақы қорлары: қаржыландыру және инвестициялау:

- 1) инвестициялардың түрлері: акциялар, кірісі белгіленген бағалы қағаздар, валюта нарықтарының құралдары және туынды құралдар;
- 2) тәуекел және кірістілік;
- 3) сақтандыру ұйымдарының, зейнетақы қорларының, әлеуметтік сақтандырудың трастық қорларының активтері мен инвестициялары;
- 4) сақтандыру ұйымдарының инвестициялық тәуекелдері;
- 5) сақтандыру ұйымдарына арналған қаржылық жоспарлау: активтер мен міндеттемелердің арасындағы арақатынасы;
- 6) сақтандыру ұйымдарын капиталдандыруға қойылатын талаптар;
- 7) Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі, салық салу, сақтандыру нарығындағы бухгалтерлік есеп туралы заңнамасы.

Актуарлық қызметті жүзеге асыру,  
актуарлық қызметті жүзеге асыру  
құқығына лицензия беру,  
актуарийдің біліктілік емтиханын  
тапсыру, актуарийдің қызметін  
тексеру үшін тәуелсіз актуарийді  
тарту, тәуелсіз актуарийдің  
сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының штатында тұрған  
актуарий жүргізген есептеулердің  
шынайылығын тексеру нәтижелерін  
жіберу қағидаларына  
4-қосымша

Нысан

*Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш*

\_\_\_\_\_ (қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді,

\_\_\_\_\_ бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның толық атауы)

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса әкесінің аты)

Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беруіңізді сұраймын

Жеке тұлға туралы мәліметтер:

1) туған жылы \_\_\_\_\_

2) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (сериясы, нөмірі, берілген күні, құжатты берген органның атауы)

3) білімі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (бітірген жылы, мамандығы, оқу орнының атауы)

4) тұратын орны \_\_\_\_\_

5) жұмыс орны, қызметі \_\_\_\_\_

6) телефон нөмірлері (қаланың коды, жұмыс және үйдікі) \_\_\_\_\_

7. Ұсынылатын құжаттар \_\_\_\_\_

Актуарий өтінішке қоса берілетін құжаттардың (ақпараттың) дәйектілігіне толық жауап береді

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ тегі, аты, бар болса әкесінің аты)

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Ақтуарлық қызметті жүзеге асыру, ақтуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, ақтуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, ақтуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз ақтуарийді тарту, тәуелсіз ақтуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған ақтуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларына  
5-қосымша

Нысан

Өтініш берушінің суреті

*Ақтуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензияны алуға өтініш беруші туралы мәліметтер*

### 1. Жалпы мәліметтер

Тегі, аты, бар болса әкесінің аты	(жеке куәлігімен (төлқұжатымен) толық сәйкес келетін, тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, олардың қашан және қандай себептермен өзгергендігін көрсетілсін)
Туған күні және жері	
Тұрғылықты жері телефон нөмірлері	(елді мекеннің кодын қоса отырып, толық мекенжайы, қызметтік, үй, байланыс телефондарының нөмірлері көрсетілсін)
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың толық деректемелері	

Сақтандыру ұйымдарында немесе олармен үлестес ұйымдарда жұмыс істейтін жақын туыскандары, жақындары туралы мәліметтер:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Туыстық немесе жақындық түрі көрсетілсін	Жұмыс орны және лауазымы
1				
2				
3				

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы:

№	Атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Сіздің қатысу сомаңыз бен үлесіңіз
1			
2			
3			

## 2. Кәсіби деректері

Білімі	<p>(оқу орнының, факультеттің немесе бөлімнің атауы мен тұратын жері, оқыған кезеңі, берілген біліктілігі, білімі туралы дипломның деректемелері (күні, нөмірі) көрсетілсін)</p>
Актуарийдің біліктілік емтихандарын тапсырғандығы туралы мәліметтер	Емтихан тапсырған күні, емтихан тапсырғандығын растайтын құжат
Қосымша білімі, оның ішінде жұмыс істейтін саласында біліктілігін көтеру курстары, ғылыми дәрежелері	(оқу орнының атауы мен орналасқан жері, оқыған кезеңі, білімі туралы дипломның, сертификаттың, куәліктің деректемелері көрсетілсін)
Қаржылық қызмет көрсету саласындағы, оның ішінде жұмыс істеуге ниетті саласындағы жұмыс тәжірибесі	(қаржы ұйымдарында істеген, аудитор, қызмет түрі бойынша бухгалтер қызметін атқарған жылдарының саны көрсетілсін)
Жетістіктері	(осы мәселеге қатысты ақпарат көрсетілсін, мысалы, ғылыми жарияланымдарының атауы, ғылыми эзирлемелерге, заң жобаларына қатысуы)
Кәсіби ұйымдарға мүшелігі	(осы мәселеге қатысты ақпарат көрсетілсін, мысалы актуарийлер қоғамы, Аудиторлар палатасы көрсетілсін)

Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат	
	(Өтініш берушінің кәсіби құзыреттілігін сипаттайтын ақпарат көрсетіледі)

### 3. Еңбек жолы туралы мәліметтер

№	Жұмыс істеген кезеңі	Ұйымның, атқарған қызметінің және лауазымдық міндеттерінің атауы, ұйымның координаттары
1		
2		
3		

Мен, \_\_\_\_\_,

(өтініш берушінің тегі, аты, бар болса әкесінің аты)

осы ақпаратты мұқият тексергенімді және дәйекті әрі толық екендігін растаймын, және мен берген дәйексіз мәліметтердің болуы сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айыру үшін негіз болып табылатындығын мойындаймын. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(қолы, күні)

Актuarлық қызметті жүзеге асыру,  
актуарлық қызметті жүзеге асыру  
құқығына лицензия беру,  
актуарийдің біліктілік емтиханын  
тапсыру, актуарийдің қызметін  
тексеру үшін тәуелсіз актуарийді  
тарту, тәуелсіз актуарийдің  
сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының штатында тұрған  
актуарий жүргізген есептеулердің  
шынайылығын тексеру нәтижелерін  
жіберу қағидаларына  
6-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының  
елтаңбасы  
Мемлекеттік уәкілетті органның толық атауы

*Актuarлық қызметті жүзеге асыруға  
лицензия*

Лицензияның нөмірі \_\_\_\_\_ Лицензияны беру күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Осы лицензия:

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, бар болса әкесінің аты)

Актuarлық қызметті жүзеге асыруға құқық береді.

Актuarлық қызметті жүзеге асыруға бірінші рет алған лицензия

\_\_\_\_\_ (нөмірі, күні, лицензияны беретін, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалуды жүзеге асыратын уәкілетті органның атауы)

Төраға  
мөр орны  
Алматы қаласы

(Төрағаның орынбасары)

Актуарлық қызметті жүзеге асыру,  
актуарлық қызметті жүзеге асыру  
құқығына лицензия беру,  
актуарийдің біліктілік емтиханын  
тапсыру, актуарийдің қызметін  
тексеру үшін тәуелсіз актуарийді  
тарту, тәуелсіз актуарийдің  
сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының штатында тұрған  
актуарий жүргізген есептеулердің  
шынайылығын тексеру нәтижелерін  
жіберу қағидаларына  
7-қосымша

Нысан

*Актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш*

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(уәкілетті органның толық атауы)

\_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның тегі, аты әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_

(лицензияның атауы көрсетілсін)

\_\_\_\_\_ байланысты

(лицензияны қайта ресімдеу себебі көрсетілсін)

лицензияны қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлға туралы мәлімет

1. Туған жылы \_\_\_\_\_

2. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(сериясы, нөмірі, берілген күні, құжатты берген органның атауы)

3. Білімі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(бітірген жылы, мамандығы, оқу орнының атауы)

4. Тұрғылықты жері \_\_\_\_\_

5. Жұмыс орны, лауазымы \_\_\_\_\_

6. Телефон нөмірі (қаланың коды, жұмыс және үй) \_\_\_\_\_

7. Қоса берілетін құжаттар \_\_\_\_\_

Актуарий өтінішке қоса беріліп отырған құжаттардың (ақпараттың) дәйектілігіне толық жауап береді

\_\_\_\_\_

(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты әкесінің аты (бар болса))

20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_



Актуарлық қызметті жүзеге асыру,  
актуарлық қызметті жүзеге асыру  
құқығына лицензия беру,  
актуарийдің біліктілік емтиханын  
тапсыру, актуарийдің қызметін  
тексеру үшін тәуелсіз актуарийді  
тарту, тәуелсіз актуарийдің  
сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымының штатында тұрған  
актуарий жүргізген есептеулердің  
шынайылығын тексеру нәтижелерін  
жіберу қағидаларына  
8-қосымша

Нысан

*Актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыруға  
өтініші*

Мен, \_\_\_\_\_,  
(актуарийдің тегі, аты әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес мені біліктілік емтиханын тапсыруға жіберуді сұраймын.

Мен өтінішке қоса берілген құжаттардың және мәліметтердің дәйектілігіне толық жауап беремін, сондай-ақ уәкілетті органға өтінішті қарауға байланысты сұратылатын қосымша ақпаратты және құжаттарды уақтылы ұсынуға міндеттенемін.

Өтінішке қоса беремін \_\_\_\_\_  
Актуарий \_\_\_\_\_

(күні, қолы)

*Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілер тізбесі*

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларын бекіту туралы» 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1532 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 1532 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлерге лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу және сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені бекіту жөнінде» 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2004 жылғы 16 ақпандағы № 38 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2753 тіркелген, 2005 жылы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде № 15 жарияланған, 104-құжат).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлерге лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу және сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені бекіту жөнінде» 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысына өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 320 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3306 тіркелген, 2005 жылы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде № 15 жарияланған, 110-құжат).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлерге лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу және сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені бекіту жөнінде» 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 28 мамырдағы № 153 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3725 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру рыногында актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы ережені бекіту жөнінде» 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2006 жылғы 12 тамыздағы № 154 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4384 тіркелген, 2006 жылғы 29 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде № 174 (980) жарияланған).

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу,

актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы» 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 119 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4733 тіркелген).

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы» 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2007 жылғы 30 қарашадағы № 254 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5076 тіркелген).

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру және актуарлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 1 наурыздағы № 23 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6157 тіркелген, 2010 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 424-426 (26269) жарияланған) 1-тармағы.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қолданылуын тоқтату және айыру, актуарийлердің біліктілік емтиханын

тапсыру тәртібі туралы» 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 120 қаулысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 132 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6550 тіркелген).

10. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 184 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6766 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 2 және 6-тармақтары.

11. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 110 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8505 тіркелген, 2013 жылғы 6 тамызда «Заң газеті» газетінде № 115 (2316) жарияланған) бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-тармағы.

12. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» 2014 жылғы 3 ақпандағы № 8 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9263 тіркелген, 2014 жылғы 17 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 16 сәуірде «Заң газеті» газетінде № 54 (2448) жарияланған) 1-тармағы.

# Е-KZT МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

Сізге e-kzt Интернет арқылы оңай тез және ең бастысы қауіпсіз сатып алуға мүмкіндік береді.

Е-KZT-бұл интернет желісіндегі тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге, ақша аударуға, түсім және төлем туралы барлық ақпаратты сенімді сақтауға мүмкіндік береді. Коммуналдық қызметтер, телефония, теледидар, он-лайн ойындар, жеңілдік купондар және сертификаттар, интернет және хостинг, сондай-ақ, көптеген басқа қызметтердің төлем [www.e-kzt.kz](http://www.e-kzt.kz) порталында қол жетімді болады.



«e-kzt» өзгеше ерекшеліктері ең төменгі тариф пен ыңғайлы интерфейсті пайдалану оңай болыптабылады. Электронды ақша арқылы төлем тез арада жүргізіледі, ал электронды әмиянды ашу және толтыру on-line тәртібінде жеке ақпарат бланкін тольырмай-ақ санаулы минуттарда жүргізіледі.

Форумында Сізді қызықтыратын сұрақтарды қоя аласыз.

[HTTPS:// WWW.EKZT.KZ/FEEDBACK](https://www.e-kzt.kz/feedback)